ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА! СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 9 (1116)

03.03.2023

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ЛЕБІЗ

КӨКТЕММЕН КЕЛГЕН МЕРЕКЕ

Көктем келді көңілді желіктіріп,
Елік қыз, ерке сылқым еліктіріп.
Жердің тоңы жібиді, ағаш бүрлеп,
Табиғатта тамаша көріктілік, – деп ақындар жырлағандай, өлмеген құлға үш ай тоқсан күн кәрі қыс та тағынан түсті. Жердің жүзін жаңартып, жасартып бала көктем ақ киізге отырып әлірін жүргізбек.

Нәуетек наурыз жылығын сыйлап, қар көбесі сөгіліп, жылғалардан су ағып, бұлақтар сыңғырлап, дала бусанып, ай аунап, күн күркіреп, найзағай от шашып, түрлі-түске боянған кемпірқосақ сәнденіп, арулар ажарланып, күллі мұсылман қауымы тойлайтын екі емес, үш бірдей мереке осы наурызда рауанын шашпақ.

Ең басты мерекенің бірі 8 Наурыз – Халықаралық Әйелдер күні болса, одан кейін күн мен түн теңеліп, жаңа жылымыз саналатын Әз наурыз келсе, 23 наурызда күллі мұсылман қауымы үшін үлкен мереке саналатын «Ораза айы» табан тірейді. Құдай тойдан айырмасын. Көрші мемлекеттерде болып жатқан қырғи-қабақ соғыстан Қазақ мемлекетінің іргесі аулақ болсын.

Мерекенің басы, бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен әйелдер қауымының төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл мерекенің шығу тарихына үңілсек, 1857 жылдың 8-наурызында Нью-Йорк қаласында тігін және аяқ киім фабрикасының жұмысшы әйелдері наразылық шарасын өткізуден басталған. Олар басшылықтан 10 сағаттық жұмыс күнін, жарық әрі таза жұмыс орындарын, еңбек ақыларының ер азаматтардікімен бірдей болуын талап еткен. Себебі, олар тәулігіне 16 сағат жұмыс істеп, аз ғана айлық алған. Көптеген Америка мекемелерінде кәсіподақтар құрылған. Олардың қатарына 1857 жылы 8 наурызда тағы бір кәсіби одақ қосылады. Бұл одақтың мүшелерінің барлығы әйелдер еді. Олар өз құқықтарының қорғалуын көздеген. Сөйтіп 1910 жылы Копенгагенде жұмысшы әйелдердің қатысуымен екінші Халықаралық конференция өтеді. Сол жерде социал-демократ партиясындағы әй-елдер тобының көшбасшысы Клара Цеткин 8 Наурыз – Халықаралық Әйелдер күнін жыл сайын белгілі бір күнде тойлау керектігі жөнінде өз пікірін білдірген. Оның ұсынысы әйел құқығын қорғауға бағытталған үлкен ұран ретінде қабылданады. Бұл ұранға өзге елдердің әйелдері қосылып, кедейшілік, татулық, құрмет үшін күреске қосыла бастады. Алғаш рет бұл мереке 1911 жылы 19 наурызда Австрия, Дания, Германия және Швейцария елдерінде аталып өтілді. Мерекені атап өту 1912 жылдың 12 мамырында жалғасын тапқан. Кейінгі жылдары Еуропа әйелдері 8 наурызды соғысқа қарсы наразылық білдірумен өткізген болатын. Кеңес одағы құрылған жылдан бастап 8 наурыз мемлекеттік мейрам мәртебесіне ие болды. 1965 жылы бұл күн – демалыс күні болып жарияланды. Жыл сайын 8 наурызда мемлекет әйел құқығының қорғалуына байланысты жүргізілген шаралар туралы есеп беретін. Уақыт өте келе бұл мереке саяси келбетін жоғалтты.

1975 жыл «Біріккен Ұлттар Ұйымы жылы» болғаннан соң, кеңес идеологтарының ықпалымен 8 Наурыз – Халықаралық Әйелдер күні болып жарияланды. Бұл күні алты құрлықтың адамдары нәзік жандыларды төл мерекесімен құттықтап, оларға игі тілектер айтады. Тәжікстанда 2009 жылдан бастап бұл мейрам «Ана күні» деп аталатын болды. Түркіменстанда Халықаралық Әйелдер күні 2008 жылға дейін тойланған жоқ. Әйелдер күні 21 наурызда Наурыз мейрамымен атап өтілетін болған. 2008 жылды қаңтар айында Түркіменстанның Президенті мейрамды қайтарды. Латвияда 8 наурыз 1991 жылы КСРО құрамынан шыққаннан кейін демалыс күні болуын тоқтатты. 2007 жылы сәуірде Халықаралық Әйелдер күні ресми түрде Латвияда тойланды. Бірақ демалыс күні ретінде қарастырылған жоқ. Қазақстанда бұл мереке кең көлемде аталып өтіледі. Сондықтан Халықаралық Әйелдер мерекесіне орай қазақстандық әйелдер қауымын, аруларды, түн ұйқысын төрт бөлген ақжаулықты аналарды шын жүректен құтықтаймыз!

Сіздер барда ердің еңсесі биік, отбасының шырағы жарық. Жұмақ та сіздердің табандарыңыздың астында. Баланың күлкісі, дастарханның ырысы, береке мен бірліктің ұйтқысы да әйелдер қауымы. Сіздер аман болыңыздар!

АРУЛАРҒА

Көктемдей көркем, көріктілерім,
Көз жауын алған өрік гүлдерім
Еліктей сұлу, ерке қыздар-ай
Арманы болған бөріктілердің.

Бота көзі мөлдіреген,
Қолаң шашы желбіреген,
Елдің көркі ерке сылқым.
Ет жүрегің елжіреген.

Шырақдан болған төзімдерің,
Тербетіп бесік көз ілмедім
Махаббаттың символы сендер
Тұмадай тұнық сезімдерің.

Ай арулар ақ тамағым
Айдындағы ақ шабағым
Өздеріңсіз өмір мәнсіз
Мен сендерден бақ табамын.

Жауқазындай үлбіреген,
Жұпар иіс мың бір өлең.
Күміс күлкі сыңғырлаған
Күйдей шалқып күмбірлеген.

Әр қадамын гүлмен өрген,
Бақ кетпесін іргелі елден.
Мерекелер құтты болсын
Көктемменен бірге келген.

Айтақын МҰХАМАДИ

АНДАТПА

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО 3-стр.

СОСТОЯЛСЯ ФОРУМ WOMEN IN BUSINESS

КӘСІБІ-НӘСІБІ 5-бет

ГҮЛДАНАНЫҢ ТӘТТІЛЕРІ ЖАЙНАТАДЫ ДАСТАРҚАНДЫ

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА 8-бет

ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАДЫҢ СЕН МАҒАН

ЖАҢА КІТАП 13-бет

ЖАРАТУШЫДАН ЖЕТКЕН ҚУАТ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕКТЕП ҰЖЫМЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына «AMANAT» партиясынан партиялық тізім бойынша кандидат Болат Керімбек Текелідегі N4 орта мектебінің ұжымымен жүздесіп, сайлауалды бағдарламасын таныстырды.

Кездесуге партия ардагерлері Жомартқали Жексембинов, Әсия Ахметова, облыстық мәслихат депутаттығына кандидаттар Гүлнар Тойлыбаева, Константин Нестеров және облыстық, қалалық штаб мүшелері қатысты. Ж.Жексембинов Текелі қаласына қатысты ыстық естеліктерімен бөлісіп, кезінде өндіріспен өркендеген қаланың бай табиғи ресурстарын өзек ете отырып, алдағы уақытта басқа салаларда да ауқымды дамуына жол ашу қажеттігіне назар аударды. Штаб мүшелерінің әрқайсысы сөз алып, партия бағдарына тоқталды. Жол бастап, қолдау көрсетіп келген аға буынға алғысын айтқан Б.Керімбек: «*Мен жастар, ұлт тәрбиесі, кәсіби бағдарлану бағытындағы көп жылғы тәжірибеммен ұштастырылған жоспарларымды іске асыруға бар күш-жігерімді саламын. Осы жиында айтылған ұсыныс-тілектердің де оң шешілуі үшін әріптестеріммен бірге жұмыс істеймін*», – деді.

БАҒДАРЛАМАСЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Астана қаласында өткен «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясының сайлауалды штабының ашылу салтанатында үгіт-насихат жұмыстарының негізгі бағыт-бағдарлары айқындалып, сайлауалды штаб құрамы мен бағдарламасы таныстырылды.

Жиынға Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар, партия мүшелері, жастар қанатының белсенділері қатысты. Сондай-ақ, 20 өңірлік штабтың қызметкерлері онлайн байланыс арқылы қосылды. Аталған саяси бірлестік атынан Мәжіліске 33 кандидат, ал облыстық мәслихаттарға 500-ге жуық кандидат үміткер. «Ауыл» партиясының төрағасы Әли Бектаев: «*Ауыл» сайлауалды насихат жұмыстарына дайын. Республикалық штабтан бөлек, 20 облыстық штаб жұмыс істейтін болады. Одан бөлек, барлық аудан мен қалаларда штабтар құрылған. Сонымен бірге 1,5 мыңнан астам партия мүшелері жұмыс жасайтын болады. Біз ауыл проблемаларын білеміз және оларды шешу бойынша нақты көзқарасымыз бар*»,– деді.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» республикалық штабының ашылуында қоғамдық бірлестік төрағасы Азаматхан Әміртаев барлық облыстардың, Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың өңірлік штаб басшыларының алдында партияның сайлауалды тұғырнамасын ұсынды.

Ресми ашылуға партияның республикалық штабының басшысы Қайрат Айтбай, партияның атқарушы хатшысы Нұрлан Көптілеутегі, партия хатшысы Шыңғыс Лепсібаев, Ұлттық ақпараттандыру және телекоммуникациялар қауымдастығының атқарушы директоры Азамат Колов, ҚР Парламенті Мәжілісіне және «Байтақ» партиясының мәслихаттарына кандидаттар және партияның жақтастары қатысты. Іс-шара аясында «Қазақстандық «Байтақ» Жасылдар партиясы ҚБ, «ҚХА Кәсіпкерлер қауымдастығы» ЗТБ және «Ұлттық ақпараттандыру және телекоммуникация Қауымдастығы» ЗТБ арасында ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Меморандумға қол қою инновациялық жасыл технологияларды енгізу үшін жаңа жұмыс орындарын құру және дарынды жастарды оқытуға бағытталған.

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Халық партиясының басшысы Ермұхамет Ертісбаевтың төрағалығымен өткен республикалық штабтың отырысында партияның алдағы Мәжіліс пен мәслихат сайлауына дайындық жұмыстары пысықталды.

Басқосуға қоғамдық пікір көшбасшылары, партия белсенділері мен штаб мүшелері қатысты. Алдағы сайлауда партия атынан 600 кандидат бақ сынайды. Оның 40 пайызы бір мандатты сайлау округтері бойынша түседі. «*Күнтізбелік жоспар бойынша еңбек ұжымдары, тұрғындармен кездесулер өткіземіз. Алдағы бір ай ішінде ірі қалалар мен аудан және ауылдық жерлерде 3 мыңға тарта шара өткізу жоспарланған. Сайлау компаниясында алқынбаймыз деп ойлаймын. Командамыз мықты, оптимизмге толы. Келешекке үмітпен қараймыз*»,– деді Е.Ертісбаев. Штаб төрағасы орынбасарының айтуынша, депутаттыққа кандидаттар елге танымал тұлғалар, қоғам белсенділері мен жастар. Сонымен қатар, отырыс барысында сайлаушылармен алдағы кездесулер жоспары, өңірлерге шығу кестесі талқыланды.

НАУҚАНДЫ ҰЛЫТАУДАН БАСТАДЫ

«Ақ жол» демократиялық партиясының үгіт-насихат тобы науқан жұмыстарын ұлт ұясы Ұлытау облысынан бастап, алдымен Жошы хан кесенесіне барып құран бағыштады.

«Тұлпарының тұяғының дүбірі Еуропаны дірілдеткен, жарты құрлықты жаулаған Алтын Орданың атасы, ұлық ұлыстың ұлы ханы Жошы ханның Ұлытаудағы кесенесінде тұрмыз. «Ақ жол» неге сайлау жорығын Ұлытаудан бастады?! Бағзы заман тарихын балбал тастары жырлап тұрған бұл өлке саф алтыннан сауыт киген сақтардан бастасақ та, қуатты ғұндарға құлаш сілтесек те, көк аспан астын жаулаған көк түріктерден, ұлық ұлыстан, Алтын Орда мен қанатын кеңге жайған Қазақ хандығынан тамыр тартатын Алаш ұстанымын ұстанған «Ақ жолдың» сайлау жорығының ақ жолын Ұлытаудан бастауының сыры осында жатыр»,– деді Қазыбек Иса.

Партияның республикалық штаб өкілдері Қ.Иса мен Б.Дүйсембинов ұлытаулық сайлаушылармен кездесіп, баспасөз конференциясын өткізді. Республикалық штабтың өкілдері үгіт-насихат кезеңінде еліміздің барлық өңірін аралап, 21 қалаға баруды жоспарлап отыр.

САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласында Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына партия тізімі бойынша кандидаттар А.Рахимжанов пен Н.Әуесбаев сайлаушылармен «Қазақстандағы өмір сапасының стандарттары қандай болуы керек» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізді.

Депутаттыққа кандидаттар сайлаушыларды партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырды. Іс-шара барысында әлеуметтік мәселелер көтерілді. Партиялықтар өмір сүру сапасының стандарттарын жасақтау және енгізу жөнінде мәселені Парламентке бастамашылық жасауға ниетті. 22 ақпанда ЖСДП-дан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына партия тізімі бойынша кандидат М.Насибулов пен бірмандаттық округ бойынша кандидат В.Смоквин Ақмола облысы сайлаушыларымен үгіт-насихат кездесуін өткізді. Жиында денсаулық сақтау жүйесіндегі медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері талқыланды.

САЙЛАУ ҚАРСАҢЫНДА

ӘРБІР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ – АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗ ПІКІРІН БІЛДІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ШЕШІМДЕРГЕ ЫҚПАЛ ЕТУ МҮМКІНДІГІ. БҰЛ ӘРБІР АЗАМАТҚА МЕМЛЕКЕТТЕ БОЛЫП ЖАТҚАН ПРОЦЕСТЕРГЕ ӘСЕР ЕТІП, ДЕМОКРАТИЯ МЕН ЖАЛПЫ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Сайлауға қатысу – азаматтардың жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Адамдар сайлауға қатысқанда олардың дауысы маңызды екенін және өз елінің болашағы үшін жауапты екенін білуі тіиіс Бұл азаматтық ұстанымды қалыптастыруға және белсенді азаматтық қоғам құруға көмектеседі.

Азаматтардың сайлауға қатысуы елдегі демократия мен тұрақтылықты нығайтудың маңызды факторы болып табылады. Халықтың барлық тобы сайлауға қатысқанда, бұл кеңірек қоғамдық диалог құруға көмектеседі және негізгі мәселелер бойынша келісімге келуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге азаматтардың сайлауға қатысуы халықтан елді басқару мандатын алатын заңды биліктің құрылуына ықпал етеді. Бұл тұрақты және тиімді басқаруға жағдай жасайды әрі өз кезегінде елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

Сайлауға қатысу – әрбір азаматтың өзінің азаматтық санасын танытып, жеке мүддесі мен болашағына қатысты маңызды шешімдерді қабылдауға қатысу мүмкіндігі. Сондықтан әр сайлауда дауыс беру құқығыңызды пайдалануға шақырамын. Бұл сіздің, біздің , еліміздің болашағы туралы өз пікіріңізді білдіру мүмкіндігіңіз.

2023 жылғы 19 наурызда өтетін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауына келіңіздер!

Әрбір дауыс маңызды және сіздің дауысыңыз шешуші болуы мүмкін!

Нұрбол ҮСЕНОВ,
Ақсу аудандық мәслихатының аппарат басшысы.

МЕДИАЦИЯ

ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ БАЛАМА ЖОЛЫ

Кез келген шиеленіскен дау-дамайдың түйінін тарқатуға қол жеткізуге болатынын өзіміздің күнделікті тәжірибемізден көз жеткізіп келеміз. Алайда, түймедей нәрсені түйедей етіп, бір біріне сөз бермей, текетіреске айналдырып, ұшықтырмай шешуге мүмкіндік бермей, қасақана созбалаңға салып, ұзақ уақыт бойы соттың табалдырығын тоздырып жүретін адамдар да бар екені құпия емес.

Ақыры, сотта қараудың барлық мерзімі таусылғаннан кейін тараптар арасында туындаған даудың заң жүзіндегі әділ шешімі жариялағаннан кейін, риза болмаған екінші тарап «Жығылған күреске тоймайды» дегендей жоғары сатыдағы сотқа арызданып, әуре-сарсаңды ары қарай жалғастыра түседі. Өкінішке орай, осындай жағдай тіптен, бұрынғы тату көршілердің, бұдан да сорақысы, ағайын-туыстың арасында орын алып жатады. Сайып келгенде, қос тарап бітіспес даудың салдарынан бір бірімен араздасып, ат құйрығын кесіп жатады. Осылайша, ағайын арасына сызат түседі. Осы орайда, халқымыздың «Сөз құған пәлеге жолығады, жол құған қазынаға жолығады» деген даналығы еріксіз еске оралады.

Әрине, өмір болған соң қуаныш та, реніш те қатар жүруі заңды құбылыс екені талассыз. Қазіргі нарықтық саясат үстемдік құрып отырған заманда заң тұрғысынан да сауатты болудың артықшылығы жоқ. Өйткені, аңқау елді алдауды әдетке айналдырған алаяқтар да аз емес екенін естен шығармаған абзал. Сондықтан қарапайым халықтың заң кеңесіне де құлақ түріп, көңіліне тоқыса өкіншті оқиғаларға тап болған жағдайлары да азая еді. Бүгін оқырмандар назарына кейінгі жылдары бұқаралық ақпарат құралдарынан жиі айтылып та, жазылып та жүрген арада туындаған дауды сотқа жеткізбей, бітімгершілік жолмен, яғни, медиациялық әдіспен шешу жайлы тағы да түсіндіре кетуді жөн көрдік.

Медиация – дауларды шешудің балама жолы, тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Медиация дауларды мәдениетті реттеуге, даулардың бейбіт жолмен шешілуіне ықпал етеді. Медиация тез әрекет етеді, бюрократиялық емес, уақытты, ақшаны, жүйке жүйесін үнемдейді. Оның басты ерекшелігі - медиаторлар шешімдерді әзірлеуге көмектеседі, онда жеңімпаздар мен жеңілгендер болмайды; шешімдер олардың орындалуын қамтамасыз ететін тараптардың толық келісімі бойынша қабылданады. Медиацияға жүгінсе, дауласушылардың бірінікі дұрыс, екіншісі бұрыс демей, оның алтын ортасын іздейді, сол арқылы екі жақтың да мүддесін қамтитын шешім табылады. Түптеп айтқанда, медиация әртүрлі қиын жағдайға тап болған адамдар арасында келісімге келудің ізгілікті жолы деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, медиацияның мақсаты дауды шешуде медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу, тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету болып табылады.

Сондықтан күтпеген жерден туындап қалған даулы мәселенің ортақ шешімін табу үшін бірден сотқа жүгінбей, оны бітімгершілік жолмен шешуге тырыссаңыз, жүйкеңізді де жұқартпай, қаржыңызды да шығындамай, уақытыңызды да ұттырмай ортақ мәмілеге келе аласыз.

Гүлбаршын ЖЕКСЕМБІНОВА,
Қаратал аудандық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

СОСТОЯЛСЯ ФОРУМ WOMEN IN BUSINESS

ПЛОЩАДКА ФОРУМА СОБРАЛА БОЛЕЕ 100 УСПЕШНЫХ ЖЕНЩИН В БИЗНЕСЕ, ОБЩЕСТВЕННЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ ЮЖНОЙ СТОЛИЦЫ, РУКОВОДИТЕЛЕЙ КРУПНЫХ КОМПАНИЙ, БАНКОВ, ИНСТИТУТОВ РАЗВИТИЯ, ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

Открывая работу форума, председатель Совета деловых женщин г. Алматы Акеркин Эралиева подчеркнула, что в южной столице представленность женщин в бизнесе разнообразна. А самое главное, бизнесвумен следят за изменениями в мире, подстраиваются под новые вызовы рынка.

Председатель Президиума НПП «Атамекен» Раимбек Баталов подчеркнул, что за 7 лет работы Совет деловых женщин состоялся как мощная предпринимательская площадка. А форум Women in Business – один из эффективных продуктов Совета, который в региональном разрезе стал ежегодным событием.

«Женское предпринимательство – важная артерия отечественного бизнеса. Обычно в таком бизнесе присутствует порядок, ответственность, забота о коллективе. Одни из самых надежных моих коллег – женщины. Женское предпринимательство развивается очень активно, несмотря на все трудности, с которыми женщинам приходится сталкиваться каждый день. И сегодняшний форум – это региональный глас бизнесвумен, нетворкинг для генерации новых идей», – сказал Раимбек Баталов.

Глава Палаты также отметил, что дальнейшего развития для женского предпринимательства необходимы различные преференции государства в виде грантов, льготного кредитования, субсидирования и другой поддержки.

Согласно статистике 2022 года, количество зарегистрированных субъ-ектов малого и среднего предпринимательства в Казахстане по состоянию на 1 января 2022 года, возглавляемых женщинами, составляет 43,5%. Женское предпринимательство обеспечивает 31% рабочих мест в секторе МСБ и 14,6% ВВП Казахстана.

Председатель правления Halyk Bank Умут Шаяхметова отметила, что в прошедшем году экономика Казахстана испытывала серьёзные вызовы. Это и рекордно высокие темпы потребительской инфляции, и ужесточение денежно-кредитной политики, и негативные последствия сложной геополитической ситуации. Тем не менее, перспективы завтрашнего дня позволяют с осторожным оптимизмом прогнозировать замедление инфляции и ускорение роста экономики. Также глава Halyk отдала должное важной роли женщин в современном мире

«Halyk Bank особую роль уделяет поддержке предпринимательниц. С 2018 года Halyk финансирует собственную программу «Женщины в бизнесе», в рамках которой почти 530 предпринимательниц уже получили льготные кредиты под 5% годовых на общую сумму около 5 млрд тенге. В начале года мы объявили о выделении еще одного миллиарда. Таким образом, это будет уже 6 миллиард от Halyk Bank, выделенный на поддержку женщин в бизнесе. Хотелось бы отметить, что для женщин характерна и органична именно роль созидателя, творца. Это предполагает более ответственное и выверенное отношение ко всему – будь то семья, общественная деятельность или предпринимательство. Женщины – более дисциплинированы в исполнении своих обязательств по займам. В качестве примера можно привести тот факт, что в «черных списках» банковских клиентов женщины встречаются в 1,2 реже мужчин. Если бы эту женскую созидательную модель ведения бизнеса переложить в целом на ответственное отношение людей к обществу и друг к другу, мир был бы намного лучше», – резюмировала Умут Шаяхметова.

На основном панельном заседании были обсуждены макроэкономические тренды и вызовы для экономики страны, меры и инструменты поддержки по развитию предпринимательства. Генеральный Консул США в г.Алматы подчеркнула деловую активность женщин Алматы. Специальные гости Форума – член Клуба Успішних Жінок України Илона Бордян рассказала об особенностях женского бизнеса.

С этого года Центры развития женского предпринимательства будут функционировать во всех регионах Казахстана с дополнительной услугой «Одно село – один продукт». Об этом проекте, а также о работе Центров при НПП «Атамекен» рассказала управляющий директор НПП РК «Атамекен» Салтанат Абдикаримова. Особенностью ЦРЖП является предоставление 7 видов услуг на основании потребностей и дальнейшее формирование тематик обучения и менторства в зависимости от выявленных нужд женщин.

«Сегодня многие крупные транснациональные компании нацелены активно развивать женс-кое лидерство и расширять возможности карьерного и личностного роста для женщин. Работа в крупной компании дает возможность женщинам посещать различные тренинги, получить новые знания и навыки. Стоит добавить, что благодаря таким возможностям женщины все чаще занимают руководящие позиции, например, 50% топ-менеджеров нашей Компании - женщины. Вклад, который вносит Компания в развитие женщин, дает возможность поверить в себя и стать более успешными», - отметила Алима Исембаева, директор по корпоративным и регулятивным отношениям Компании Coca-Cola Icecek Казахстан.

В практической бизнес-сессии ментор Центра развития женского предпринимательства Анна Осипова разобрала основные ошибки и неудачи в ведении бизнеса. Автор книги «Бухгалтер на миллион» Алексей Розинкин мастер-класс и коучинг для предпринимателей.

Подводя итоги модератор форума, Председатель Совета деловых женщин г. Алматы Акеркин Эралиева поблагодарила участников за плодотворную работу.

«Мы рады, что форум Women in Business стал ежегодным событием, где обсуждаются проблемы развития женского предпринимательства, задаются тренды на новый год, происходит обмен опытом и энергией. Мы все друг друга заряжаем, мотивируем на новые достижения. Желаю каждому гостю форума процветания и больших высот», – отметила Акеркин Эралиева.

Отметим, что в работе форума приняли участие председатель президиума НПП «Атамекен» Раимбек Баталов, председатель Совета деловых женщин НПП «Атамекен» Лаззат Рамазанова, председатель правления Halyk Bank Умут Шаяхметова, председатель совета деловых женщин г. Алматы Акеркин Эралиева, председатель РПП города Алматы Ауэз Таймбетов, председатель правления Фонда «Даму» Гаухар Бурибаева, председатель правления KASE Алина Алдамберген, президент Казахстанского пресс-клуба Асель Караулова, директор по коммуникациям и связям с общественностью по центральноазиатскому региону Coca-Cola Icecek Kazakshstan Алима Исимбаева, CEO Clever Market Алуа Корпебаева, соучредитель Technowomen Асем Нургалиева, заместитель генерального директора Центра предпринимательства Qolday Асем Макашова и другие. Организаторами выступили Совет деловых женщин «Атамекен» города Алматы и Halyk Bank.

Ш. ХАМИТОВ.

ЗДОРОВЬЕ

ПРОВЕЛИ СЛОЖНЕЙШУЮ ОПЕРАЦИЮ

Как передает пресс-служба ведомства, врачи Научного центра педиатрии и детской хирургии (НЦПДХ) провели сложнейшую операцию по удалению врожденной гемангиомы печени у новорожденного.

Специалисты Научного центра педиатрии и детской хирургии сделали сложную операцию по удалению врожденной гемангиомы печени, в сочетании с предоперационной рентгенэндоваскулярной эмболизацией правой печеночной артерии. Новорожденному такая операция проведена впервые в нашей стране.

Гигантская опухоль печени занимала всю правую долю печени и была обнаружена сразу после рождения ребенка. 3 февраля трехдневный ребенок был переведен в Научный центр педиатрии и детской хирургии.

В течение пяти дней проводилась коррекция состояния и консервативное лечение. За короткое время объем живота увеличился с 38 см до 44 см. Образование сдавливало внутренние органы, в связи с чем ребенок находился на аппарате ИВЛ. Учитывая эти обстоятельства, мультидисциплинарно было решено провести оперативное лечение в срочном порядке.

Сложная операция была проведена 8 февраля.

№1 - Ангиография. Рентгенэндоваскулярная эмболизация правой печеночной артерии.

№2 – Лапаротомия, правосторонняя гемигепатэктомия. Дренирование брюшной полости. Такая комбинированная операция никогда не проводилась в нашей стране.

Операции продолжались в общей сложности более 4 часов. Операцию провели квалифицированные врачи НЦПДХ, опытные специалисты своего дела в составе: руководитель хирургического блока Хаиров Константин Эдуардович, рентгенэндоваскулярный хирург Онласынов Азиз Кажымуканович, неонатальные хирурги: Аширбай Канат Серикович, Касенов Шалкар Ерсаинович, руководитель реанимационно-анестезиологического блока Алимханова Гульшат Нурмуратовна, заведующий отделением реанимации для новорожденных Курбанбеков Нурсултан Ауелбекович. Вес удаленного образования составил 500 грамм. Благодаря комбинированной операции объем кровотечения был сведен к минимуму.

На 5-й день после операции маленького пациента перевели из отделения реанимации в отделение неонатологии в палату рядом с мамой.

На 12 сутки после операции наша маленькая пациентка по имени Альтамир была благополучно выписана домой.

НАШ КОРР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ТАКСИСТЕРГЕ ДЕ ҚАУІП ТӨНІП ТҰР

«ТАС ЛАҚТЫРСАҢ ТАМАДА МЕН ТАКСИ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНЕ ТИЕДІ» ДЕГЕН ТӘМСІЛ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРИЯЛАНҒАН ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ. КҮНКӨРІС КӨЗІНЕ АЙНАЛҒАН ЖЕҢІЛ КӨЛІКТІҢ ЕСКІСІ ДЕ, ЖАҢАСЫ ДА ҚАЗІР ҚАЖЕТКЕ ЖАРАП ТҰР. ТАКСОПАРКТЕРДЕН БӨЛЕК ЖЕКЕ ЖҮРГІЗУШІЛЕР АДАМ ТАСЫП КҮНДЕРІН КӨРІП ЖҮР.

Алматы мен Талдықорған сынды үлкен қалаларға, аудандарға қатынайтын жеке көліктердің көбі мемлекетке адам тасымалдағаны үшін салық төлеп отырған жоқ. Бұл жайлы сан мәрте арнайы тексерулер де жүргізілді. Адам тасып күнелтіп жүрген такси жүргізушілерінің де ереуілдеткен кездері болған.

«Жұмыссыздықты салдарынан осы қадамға бардық, басымызда пәленбай несие бар, біздің отбасымызды кім асырайды» -деген такси жүргізушілері мемлекетке тиісті салықтарын төлеп, адам тасуға құлықсыз болып шықты. Олар: «*Тапқан табысымыз күн көрістен артылмайды. Көліктің жанар-жағар майы, күрделі жөндеуі бар. Оның барлығы өз қалтамыздан шығады*», – деген уәждерін айтқан-ды. Осындай жабайы таксистер Талдықорған қаласындағы автобекеттің маңайында, Шевченко көшесінің бойында және қаладан шыға беріс айналма жолдарда құмырсқадай қаптап тұрады.

Күнкөріс қамы жұмыр басты пендені қай арнаға салмады. Бірі базар жағалап арба итеріп жүрсе, енді бірі жеке үйлерде жалданып бала бағып, үй тазалап нәпақа табуда. Қолы жеткендер көліктерін жаңалап, жетпегендері ескі-құсқы көліктерін жамап-жасқап адам тасып күн көруде. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда жалпы саны 4 млн 449 мың көлік бар екен. Олардың ішінде 20 жылдан аса уақыт өткен көліктердің саны 51 пайызға жетіпті. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда тіркелген автокөлік құралдарының 87,9 пайызы – жеңіл автомобильдер екен. Жалпы республикада 3 млн 696 мың жеңіл автокөлік жекеменшік иелігінде. Осы қоғамдық көліктер арасында ерекше сұранысқа ие болып тұрған такси қызметінің сапасы артпаса кеміген жоқ. Қазақстандықтар да тез әрі ыңғайлы көлік ретінде көп жағдайда такси қызметіне жүгінеді. Ал жүргізуші мен жолаушының қауіпсіздігі әлі бір жүйеге түспегендіктен екі күннің бірінде «*такси жүргізушісін өлтіріп кетіпті, не болмаса, такси жүргізушісі жолаушыға зорлық-зомбылық көрсетіп, мәйітті көміп тастапты*», - деген қылмыс хроникаларын оқып жатамыз. «Былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледі» демекші, екі тараптың да қауіп-қатері қоғамда үлкен мәселе тудырып тұр. Кейінгі жылдарда такси жүргізушілеріне жасалған шабуылдар, зұлымдық әрекеттер, қылмыстық оқиғалар қоғамды алаңдатуда. Мәселен көрші Ресей мен шет мемлекеттердің көбінде такси мен жолаушылардың арасын бөліп тұратын арнайы құрылғылар бары айтылып, осы құрылғылар қазақстандық таксилерге де орнатылуы тиіс деген толғақты мәселе көтерілген болатын. Осы мәселеге орай Қазақстанда такси жүргізушілерінің қауіпсіздігі мақсатында қандай шаралар қолданылады? Жүргізушілердің қауіпсіздігін кім қамтамасыз етеді? Елімізде жүргізуші мен жолаушы арасын бөліп тұратындай арнайы құрылғы енгізу жоспарда бар ма? – деген Massaget.kz тілшісінің сауалдарына ІІМ өкілі, Қазақстан такси қауымдастығы төрағасы және inDrive компаниясының ресми өкілі жауап бергені туралы ақпарат интернет желісінде жарияланды. Онда жасөспірімдер көлікті ұрлау үшін такси жүргізушісін пышақтап кеткені айтылып, такси жүргізуші ауруханада жатқаны анықталған. Алайда бұл ақпарат шындыққа жанаспайтынын оның қауесет екені дәлелденді. Дегенмен былтыр дәл осындай бірнеше оқиға болғаны бәрімізге аян. 12 мамырда Toyota Camry көлігімен такси қызметін атқарған алматылыққа жолаушылар шабуыл жасап, 18 пышақ жарақатын салып, көлікті ұрлап кеткен. Ал желтоқсанда Алматы облысында такси жүргізушісін 37 рет пышақтаған ер адам ұсталған. Бұл жолы күдікті қылмысты алдын ала ойластырып, абайлап жасаған. Ол бір реттік абонент нөмірін пайдаланып, сапалы қарумен қаруланған. Қылмыс жасауға болатын бос жерді, марқұмның көлігін қалдыруға болатын жерді және қашу жолдарын белгілеген. 2022 жылы қазанда Қарағандыда да такси жүргізушісін өлтірген күдікті бір тәулік ішінде ұсталды. Бұл оқиғаның себебі жолақысына келіспеушілік болған. Демек, Қазақстанда такси жүргізуші-сі болу қауіпсіз жұмыс емес. Әлем елдерінің тәжірбесіне сүйенсек, жүргізуші мен жолаушы арасына бөлгіш енгізу бұрыннан қолданылады. Көршілес Ресейде таксишілерге төнген қауіптің көптігінен Мемлекеттік Думада такси жүргізушілерін жолаушылардан бөлгішпен қорғауды депутаттар ұсынған болатын. Көп елде бұл өзгеріс коронавирус пандемиясынан кейін енгізілген. Мәселен, 2020 жылы Мәскеу көшелерінде вирустан қорғану әрі қауіпсіздік мақсатында осындай таксилер көбейген. Алып мұхиттың арғы бетіндегі АҚШ-та да такси жалдаушылары, жүргізушінің қасында отыруға тырыспайды екен. Бұл елде әдетте жолаушылар тек артқы орындықта отырады. Сонымен қатар жүргізуші отыратын аумақ бөлініп тұрады. Ұлыбританияда да жүргізуші жолаушылардан бөлінген аумақта отырады. Және жүк салғыш алдыңғы орында жүргізушінің жанына орналастырылған.

Ал Қазақстанда такси қызметі әлі бір жүйеге түсе қоймады. Таксопарк басшылары бұл сала мемлекет тарапынан реттелмейтінін айтуда.

«*Біздің елімізде такси қызметін ұйымдастыру тікелей әкімдіктердің құзырында болғанымен, такси саласы мемлекет тарапынан реттелмейді. Такси секторы 90 пайыз – көлеңкелі секторда*», – дейді бұл туралы Медет Құрманов. Оның сөзінше тасымалдау саласында мәселе жетіп артылады. Соның бірі жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздігі болып тұр.

«*Бүгінгі таңда такси қызметімен айналысу үшін EGov арқылы қызмет басталғаны туралы хабарлама жіберу және такси тасымалдаушысына, такси көлігіне және такси жүргізушіге қатысты заң талаптарын сақтау қажет. Сондықтан такси саласында көптеген проблема бар. Тасымалдаудың төмен қауіпсіздігі, баға қоюдағы тұрақсыздық, қызметтердің қанағаттанарлықсыз сапасы, әділ бәсекелестік болмауы*», – дейді Қазақстан такси қауымдастығы төрағасы Медет Құрманов. Ол елімізде жүргізуші мен жолаушы арасын бөліп тұратын арнайы құралдың болуы қарастырылып жатпағанын, бұл салада әркім туындаған қиындықты өзі шешуге мәжбүр екенін айтуда.

«*Көлік салонындағы бөлім сияқты мәселелерді ешкім қауіпсіздік шарасы ретінде қарастырмайды. Бүгінгі таңда жүргізушілердің, жолаушылардың, такси компанияларының құқықтарын ешкім қамтамасыз етпейді. Әркім туындаған қиындықтарды (алдау, қорлау, нашар қызмет, алаяқтық) өзі шешеді*», - дейді ол. Ал inDrive компаниясының ТМД мемлекеттері бойынша PR-менеджері Аида Найзабекова «*Мұндай арақабырғалар жүргізуші қала бойынша сапар кезінде танымайтын жолаушыларды алған кезде орынды болған. Бүгінгі таңда жағдай түбегейлі өзгерді. Қазір тек тіркелген ұялы телефон нөмірлері тексеруден өткен және қосымшаға кіру IP-мекен-жайы сияқты цифрлы із қалдырған адамдар ғана таксиге тапсырыс беру кезінде мобильді қосымшалардың пайдаланушылары бола алады. Осындай факторлар қолданбаны анонимді түрде пайдалануға жол бермейді және күтпеген жағдайларда полиция құқықбұзушыны оңай анықтай алады*», - дейді. Таксопарк жүйесіндегі қауіпсіздік шарасының мәселесі шаш етектен. Қоғамдағы қарбалас тірлікте жүргендердің көбі қазір таксиге тапсырыс береді. Жалпы такси кәсіпорындарының құзіреті жергілікті билікке қарайды. Ал алыс жолдарға Алматы, Талдықорған арасына қатынап жүрген жолаушылар және адам тасымалдап жүрген жеке жүргізушілер еш жерге тіркелмеген. Олар өз беттерімен күнкөріс қамында жүргендер. Ішіне адам толтырып алып, көлігінің жылдамдығын арттырып су бетімен жүгіріген сүлеймендей зулаған талай такси қызметін көрсетіп жүргендердің өздері де, жолаушылары да апатты жағдайға түскен. Тіпті адам шығыны да болған. Күнделікті адам тасымалдап жүрген олар медициналық тексерістен де өтпейді. Тек таксопарк саласында тіркелгендер ұдайы тексеруден өтіп тұруын жергілікті билік қадағалайды. Жеке көлігімен адам тасымалдап жүріп, зорлық-зомбылық жасаған жүргізушілерде болған. Бірақ олар арнайы таксопаркте тіркелмегендер. Қалай болғанда да жеке көлігімен адам тасымалдап жүрген жүргізушілерге қатысты ара қашықтықты айшықтап тұратын қондырғы орнатылуы тиіс деген бастаманы ғаламтор желілерінде журналистер көтергенімен, мемлекет тарапынан бұл салаға көңіл бөлініп жатпағанын жоғарыдағы мамандар айтуда. Ал оның қашан жүзеге асатыны әзірге беймәлім. Қауіпсіздік мәселесі көлік жүргізушіге де, көлік жалдаушыға да ауадай қажет. Бүгінгі қоғамда, адамдардың тас бүйректеніп кеткені соншалық аяушылық сезімдері жойылып кеткендей. Бұл бір ғана такси жүргізушілеріне ғана қатысты емес. «Адамға сенсең мұрттай ұшасың, Құдайға сенсең құстай ұшасың» деген қағида қоғамның барлық саласында жадыннан шығармайтын ұранға айналуы тиіс.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІБІ-НӘСІБІ

ГҮЛДАНАНЫҢ ТӘТТІЛЕРІ жайнатады дастарқанды

БҮГІНГІ ТАҢДА ДӘМДІ ТОРТТАР ПІСІРІП, ТАПСЫРЫС ҚАБЫЛДАУ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ НЕГІЗГІ КӘСІП КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫ. ӘСІРЕСЕ ЖАСТАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІККЕ БЕТ БҰРУЫ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ КӨПТЕП КЕЗДЕСЕДІ. ОЛАР ТАБЫС ТАУЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЕЛ МҮДДЕСІ ҮШІН ДЕ ЖҰМЫС ЖАСАУДА. ХАЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІН ӨТЕП ЖҮРГЕН ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ТАБЫСҚА ЖЕТУДЕГІ ҚАЖЫР-ҚАЙРАТЫНА ҚАРАП ҚАЙРАН ҚАЛАСЫҢ.

Текелі қаласында да өз кәсібін гүлдендіріп отырғандар саны артпаса кеміген жоқ. Мұның бәрі мемлекет қолдауының арқасы. Солардың бірі –мемлекеттен грант жеңіп алып, өз кәсібін дөңгелетіп отырған жас кәсіпкер Гүлдана ҚАПАЛОВА.

Ол 1995 жылы Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Ақтоғай станциясында дүниеге келген. Тоғызыншы сыныпты бітірген жылы Талдықорған қаласындағы политехникалық колледжде құрылыс өндірісі, техник-технолог мамандығы бойынша білім алды.

– 2010-2014 жылдар аралығында колледжде оқыдым. Үшінші курста Жасұлан атты азаматқа тұрмысқа шығып, бүгінде үш баланың анасымын. Жолдасым Жаркент өңірінің азаматы, мамандығы қаржыгер. Отбасын құрғаннан соң, яғни 2013 жылы Текелі қаласына қоныс тептік. Содан бері он жыл болды осы әсем қалада тұрып жатырмыз.

Колледжді бітірген соң декреттік демалыста отырдым. Баламен үйде бос отырмайын деп торт пісіруді қолға алдым. Кейін тапсырыс беретін жақындарыма, көршілеріме, таныстарыма арнайы дайындап жүрдім. Бірте-бірте тапсырыс берушілер қатары көбейе бастады. Содан жолдасым «неге осы ісіңіді кәсіпке айналдырмасқа» деген ойын айтып, ұсыныс тастады. Кәсібін ашсам дегендер үшін кәсіпкерлік палатасы бар екенін айтты. «Бастау Бизнес» жобасы туралы естіп, арнайы курсына қатысып, кәсіпкерліктің қыр-сырын терең біле бастадым. Сөйтіп, мемлекеттен берілетін қайтарымсыз грант алуға қатысып көрсем деп шештім. 2019 жылдың басында инновациялық жоба бойынша Талдықорған қаласында өткізілген байқауға қатыстым. Бірақ өтпей қалдым. Алты айдан соң қайта дайындалып, бағымды сынамақ болдым. Текеліде шағын кофейня ашамын деп бизнес жоспарын жасадым. Облыстық Кәсіпкерлік басқармасында комиссия шешімі шығарылып, маған кәсіп бастау үшін 2 миллион теңге грант бұйырды. Мемлекеттен берілген ақшаның үстіне өзіміз жинап терген 1,5 миллионды қосып, нар тәуекел деп кәсіпті бастадым. Ғимарат жалдадым, екі тоңазытқыш, кофе машинасын, торт пісіруге арналған екі пеш, басқа да құрал-жабдықтар алдым. Карантин кезінде онлайн түрде кондитер курсын оқыдым. Кейін Алматыда белгілі кондитердің шеберлік сабақтарына қатысып, тәжірибе жинадым. Қазір тұрақты қонақтарымыз, тапсырыс берушілеріміз бар.

Алғашында қаладағы «Ғарышкер-9» ғимаратын жалға алсам, бір жылдай болды «Ғарышкер - 18» ғимаратына қоныс тептік. Бұл жер біз үшін өте ыңғайлы орын болды. Кофейняда өзімнен басқа жұмысшыларым бар, сонымен қатар кондитер көмекші алдым. Ол менен тәжірибеден өткен болатын. Содан сұранып маған жұмысқа келді. Осылай біртіндеп дамып келеміз, – дейді тәттілерімен танымал жас кәсіпкер.

Ауыз толтырып айтуға оңай болғанымен кәсіп ашып, оны одан әрі дөңгелетіп әкету екінің бірінің қолынан келе бермейтінін айтады кейіпкеріміз. Оның сөзінше кондитерлік өнімдерді пісіру біреуге оңай сияқты көрінгенімен, шын мәнінде аса мұқияттылықты талап етеді. Бір тәтті өнімді пісіру үшін оған қосылатын қоспаның бәрін өз ретімен, мөлшерінде қосу қажет. Кішкене мөлшерден асып не кем қылсаң бәрі еш кетеді. «*Ал мұны табыс көзіне айналдырып отырған біз үшін бұл шығын болып табылады*, – дейді Гүлдана Өміртайқызы.

«Melissa» деп аталатын кофейняға арнайы барған біз де сүйікті ісін кәсібіне айналдырған пысық келіншектің қолынан шыққан тәттілердің дәмін татып көрдік. Тіл үйірер тәттілердің бағасы да қалтаға қонымды.

– Қазір еңбек етемін деген адамға қолдау көп. Бір істі қолға алсаң, мемлекет тегін ақша ұсынып жатыр. Кәсібіңді кеңейтемін десең, аз пайызбен несие береді. Мұның бәрі бізді жұмыссыз қалдырмаудың қамы. Сондықтан қазір нан табуға мүмкіндік көп. Тек ерінбей-талмай ізденсең болғаны, – дейді жас кәсіпкер.

Гүлдана Өміртайқызы кәсіптің ғана емес отбасының жағдайын жайлы етіп бір үйдің шаруасын ширатып отырған жан.

– Кәсіп ашуда жетістікке жетсем жолдасымның арқасы деп ауыз толтырып айтуыма әбден болады. Әруақытта демейтін, шарашағанда қолдау танытатын да сол кісі. Әйел үшін бұдан асқан бақыт бар ма?! Негізі жолдасымның сүйіп жейтін тәттісі «қызыл барқыт торты». Алғашқыда бұл тортты пісіре алмаушы едім. Мұны әпкем жақсы дайындайтын. Жегісі келгенінде жолдасым «әпкеңнің қолынан торт жесек» қайтеді дейтін. Содан «осы тортты неге өзім пісірмеске» деген ойға келдім (күлді)*. Осылайша, үйрену үшін арнайы курсқа жазылып, алғашқы сатылымға шығарған тортым да осы «қызыл барқыт» еді,* – деген Гүлдана анасы наубайшы болған соң ба, отбасындағы балалардың да аспаздыққа үйір болып өскенін айтады. Әпкесі мұғалім болса да тәттілер мен тағам пісіруден алдына жан салмайтын адам екен, ал ағасы Алматыда үлкен мейрамханада жұмыс істейды. Бір сөзбен айтсақ, аспазшылар отбасы деуге болады.

Гүлдана Өміртайқызы Текелі қаласында кондитерлік өніммен бірге байланыстырып кофейня ашқан алғашқы жас кәсіпкер.

– Кофейняны «Melissa» деп атайық деген де жолдасым. Өздеріңіз білетін боларсыздар, осындай атаумен шай да бар. Жанды тыныштандыру деген мағынада. Осы кофейняға келгендер бұл жерден жан тыныштығына бөленіп қайтса деген ойды негіз еттік. Шыны керек, келушілердің бәрі «бұл жер адамға жайлылық сыйлайды екен» деп жатады. Көпшіліктің осындай сөздерін естігенде атауды жақсы таңдаппыз деп іштей қуанып қалып жатамын, – деп ағынан жарылды ол.

Сүйікті ісі жайында сөз еткенде жайнап сала беретін Гүлдана өзінің алдыға қойған мақсаттарының да көп екенін айтты. Әркез тұтынушыларының ойынан шығып, еңбек етіп жатқан жас кәсіпкерге кәсібіңіз берекелі болсын дейміз. Мерекеңіз құтты болсын, ГҮЛДАНА!

Сарби ӘЙТЕНОВА
ТАЛДЫҚОРҒАН-ТЕКЕЛІ

ТӘРБИЕ

АТА-АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым – қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады.

Кез келген адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым–қатынасқа түсуді қажетсінеді. Мәселен, нәрестенің анасымен «тілдесу» қажетін қанағаттандырмау – біртіндеп оның қатаң сезімді, мейірімсіз болып өсуіне, кішкентайынан айналасына деген сезімнің азаюына әкеліп соқтыратыны байқалып жүр. Сөйтіп, басқалармен қарым-қатынасқа түсу – қай жастағыларға болмасын, оған киім-кешек, баспана қалай қажет болса, айналадағы жұртпен араласып, дұрыс қарым-қатынас жасай білу де сондай қажет. Мәселен, адамды қамап, басқалармен араластырмай ұстау – жазаның ең ауыр түрі екендігіне шүбә келтіруге болмайды. Өзгелермен қарым–қатынас жасау – бұл тіршілікке аса маңызды ақпарат алмасу деген сөз.

Қарым-қатынас барысындағы қиыншылықтар эмоционалды қарым-қатынас бұзылуының нәтижесі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі баланың сөзі мимика, жест және поза көмегімен жүзеге асырылады. Бала ата-анасы және жақындарының қарым-қатынас стиліне еліктей отырып, санасыз түрде соған бейімделіп кетеді. Сөйлеу мәдениетіне ие отбасы баласының бойына қолданылып жүрген қарым-қатынас стилін бейімдейді. Эмоционалды қатынастың бұзылуы нәтижесінде бала бойында үрейлілік дамиды. Жоғары үрейлілік тұрақты сипатқа ие болады. Егер оның бойындағы уақытша қиындықтарды ересектер тітіркендірсе, бір нәрсені қате жасап қою қорқынышы, үрейлілік туындайды. Мұндай жағдай ата-аналар тым жоғары талап қойғанда да туындайды. Үрей мен оған байланысты төмен өзіндік бағалаудың өсуі нәтижесінде баланың танымдық жетістіктері төмендеп, сәтсіздік сезімі беки түседі. Өзіне деген сенімсіздік нәтижесінде келесідей ерекшеліктер де туындайды. Ересектердің нұсқауын орындау, үлгі бойынша ғана әрекет ету, өз ойын білдіруге қорқу, білімдер мен әрекет тәсілдерін ресми түрде меңгеру. Өз баласының оқу әрекетінің нәтижелілігінің төмендеуіне көңілі толмаған ересектер қарым-қатынас барысында аса үлкен көңіл бөле отырып, бала бойындағы эмоционалды дискомфортты үдете түседі. Балаға жақын ересек адамдар бала жетістіктерін байқап, оны қателіктері үшін аса қатал жазаламау арқылы оның үрейлілік деңгейін төмендетеді және сол арқылы оқу тапсырмасының сәтті орындалуын қамтамасыз етеді. Қорқыныш жасқа немесе жүйке жүйесіне байланысты болады. Жасқа байланысты қорқыныштар эмоционалды сезімтал балаларда кеңінен көрініс табады. Олар келесідей факторларға байланысты болады: ата-анасында қорқыныштықтың болуы, баламен қатынастағы үрей, шамадан тыс қамқорлық және оны құрдастарымен қатынасынан оқшаулау, ата-ана тарапынан тыйымдардың көп болуы немесе шамадан тыс еркіндік және отбасындағы ересектердің көптеген қорқытулары, ата-ана арасындағы конфликтілік қатынас, қорқыныш сияқты психикалық жарақат, құрдастары және ересектерімен қатынастағы қорқынышты психиканы жұқтырып алу.

Сонымен жоғарыда сипатталған бала тұлғасының негативті қырлары дискомфорттың (жайсыздықтың) салдарынан туындайды. Сондықтан ата-ана мен бала арасындағы терең және үздіксіз қатынас болуы қажет.

Қорлан САБЕКОВА,
Талдықорған қаласындағы Ж. Үшкемпіров атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп интернат-колледжі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

Әрбір мемлекеттің жарқын болашағы оның тілінде. Кез келген ұлт кеудесінде жаны барда өз тілінің жойылып кетуіне жол бермейді. Тіл барлық ұлттың ұлт болып қалыптасуында сенімді тұғыр мен кепілдің көрсеткіші.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келетін тіл саясатының арқасында қазіргі таңда тіл туралы оңды қоғамдық көзқарас қалыптасы. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналды. Көпұлтты мемлекетте қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қызмет етуін қамтамасыз ету – өте күрделі мәселе. Әрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау-жұрнағы әрбір шынайы азаматқа танымал, мәдениетті өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «*...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ*», – деп тіл жайында терең толғанған екен.

Л.ҒАБДУЛИНА,
Екіаша орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Дүйсенбі - Понедельник, 6 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 00.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00, «Өмір көркем»
13.10 «Жат бауыр»
14.10 «Қызық екен»
15.10 «Апта»
16.00 «Ақорда»
16.10 телехикая «Айман-Шолпан»
17.15 Бірегей
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
01.10 «Өмір көркем»
02.10 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызжды жекпе-жек»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 Бір кілт
10.35 Мультфильм
12.00, 20.00 «Үкім»
14.00 «Айналайын»
15.00 «Опасныйм Бизнес»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 «Құсайыновтар.Өмір жолы»
22.45 Кино «Когда нибудь наступит завтра»

АСТАНА

06.00 «Әйел тағдыры-3»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00 «Жұлдызды жекпе жек»
11.00 «Үздік әзілдер»
11.40 Ұлым
15.40, 00.00 «Практика 2»
20.00 «Astana Times»
21.00 «Ессіз махаббат»
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
01.40 Сериал «Улыбка пересмешника»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
11.40 Мужское/женское
12.25 Моя вторая половинка
13.15 Татьянин день
14.10, 02.00 Новости
14.20, 02.05 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.05, Басты жаңалықтар
19.00, 02.20 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Последняя статья журналиста»
01.10 «Краткий курс счастливой жизни»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 «Сүйген жүрек»
08.00 Әулеттер тартысы
09.30 «Было дело»
10.50, 01.20 Волк
15.00 «Побочный эффект»
17.00, 02.10 «АДдасқан қыз»
18.15, 02.05 «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.05 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «Ты меня некогда не забудешь»
23.35 «Магистраль»
04.10 «КТК қоржыны»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 «Әдебиет пен адамзат»
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «Ел қамы»
13.30 «Қазақ үні»
14.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
14.25 «Жүрек сөзі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.25 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Елге қызмет» /тікелей эфир/
18.35 «Сайлау-2023»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
20.53 «Сайлау-2023»
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
07.00, 05.00 «Ризамын»
08.00, 01.40, 04.30 What s upp?
08.30 Сериал «Пиноккио»
09.40 «Күліп ал»
10.00 «Листопад»
10.50 «31 әзіл»
11.30 «Городские легенды»
12.30 Мультфильм Маша и Медведь
13.00 Дикий
15.00 Очень плохая училка
17.00 Кино «Охота на воров»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
21.50 «Вулкан»
00.00 «31 әзіл»
01.00 «Анупама»
03.50 1001 әзіл
04.00 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.10,23.20 Т/х Әкесінің баласы
07.20 Т/х «Сезім симптомдары»
08.00 «Мезгілсіз сезім»
09.00 «Гадалка»
09.30 «Измайловский парк»
12.00 «Q-елі»
13.00 «Қызыл алма»
14.00, 22.30 «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 00.30 «Обычная женщина»
16.00 «Женский доктор»
17.00 Семейные узы
18.00 «Шуша»
20.00 «Я заберу твою семью»
21.00 «Сәке»
01.20 Келесі кім
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 7 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Махаббат тұтқыны»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Мәртебелі миссия»
13.25 Асыл Ана
14.10 «Домалақ ана»
15.10 «Бірегей»
16.00 «Тағдыр тудырған тұлға»
17.15, 01.15 «Әйел әлемі»
20.35 «Ашық алаң»
21.30 Жат бауыр
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
01.50 Футбол

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 «Оян!»
10.00 Уәде
10.30 «Одна книга»
10.05, 10.30 Мультфильм
12.00, 20.00 «Үкім»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал«Когда-нибудь наступит завтра»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
18.15 Ток шоу.Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Біздің мақсат
21.45 «Құсайыновтар»
22.45 «Айка»

АСТАНА

06.00 «Сарай жауһары»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ащы шындық»
11.20 «Үздік әзілдер»
11.40 Ұлым
13.40 Қара шаңырақ
15.40, 00.00 «Практика-2»
20.00 «Astana Times»
21.00 «Ессіз махаббат»
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
01.40 Улыбка пересмешника

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.45 «На самом деле»
11.30 Мужское/женское
12.20 Моя вторая половинка
13.15 Татьянин день
14.10, 02.00 Новости
14.20, 02.05 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.05, Басты жаңалықтар
19.00, 02.20 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Последняя статья журналиста»
00.15 «Начальник разведки»
01.10 «Краткий курс счастливой жизни»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Сүйген жүрек
08.00 «Әулеттер тартысы»
09.30 «Вечерние новости»
10.10 Было дело
11.00, 01,20 «Волк»
13.00, 23.40 Магистраль
15.00 , 21.30 «Ты меня никогда не забудешь»
17.00 «Адасқан қыз»
18.15, 02.05 «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.05 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекті»
11.30 «Жанашыр»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 М/ф «Татонка»
13.00 «AgroLife»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Елге қызмет»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әсем әуен»
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Сегодня» (Қонаев)
18.35 «Сайлау-2023»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Өзекті»
01.00, 05.00 «31әзіл»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.50 «Қуырдақ»
07.30 «Пәленшеевтер»
08.30, 01.00 «Алло, бұл кім»
09.00 «Измайловский парк»
11.30 Шоу «Маска»
15.00 Т/х «Бастық боламын»
17.00 Сәлем Қазақстан
18.30, 01.30 Өнер қырандары
21.00 Сериал «Женщина его мечты»
02.50 «Япырай»
03.20 «Жеңіп көр»

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД
Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗҚ-НЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАНДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ШОЛУ: ӨСІМ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БАЙҚАЛДЫ

2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 14,9 трлн теңге болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңінен бері ол шамамен 1,8 трлн теңгеге немесе 13,4% ұлғайды.

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары соңғы 12 айда 13,1% өсіп, 2023 жылғы 1 ақпанда 14,4 трлн теңгеге жетті.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы соңғы 12 айда 23,9% көбейіп, шамамен 455,5 млрд теңге болды.

112% астам өсімді ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен жинақталған қаражат көрсетіп, 2023 жылғы 01 ақпанда шамамен 3,7 млрд теңгені құрады.

1 ЖЗШ-дағы МЗЖ есебінен жинақтардың орташа мөлшері 1 314,5 мың теңгеге тең. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 12,1% артық. Есептеу кезінде барлық салымшылардың, яғни жинақтаушы зейнетақы жүйесіне енді ғана кіргендердің де, жарналарды 25 жыл бойына аударып отырған салымшылардың да жеке зейнетақы шоттары ескеріледі. Жинақ сомасына салымшының табысына тәуелді жарналардың жүйелілігі мен сомасы үлкен әсер етеді.

01.02.2023 ж. орта есеппен азаматтардың МЗЖ есебінен бір жеке зейнетақы шотына есептелген жинақ мөлшері бойынша ең жоғары көрсеткіштер мынадай:

Ұлытау облысы – 1,9 млн теңгеден астам; Атырау облысы – шамамен 1,9 млн теңге, Астана қаласы – шамамен 1,7 млн теңге, Маңғыстау облысы – шамамен 1,7 млн теңге, Алматы қаласы – 1,6 млн теңге.

Аталған деректер өткен жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне дәл сәйкес келеді. Онда жан басына шаққандағы ең жоғары номиналды ақшалай кірістер осы Атырау, Ұлытау, Маңғыстау облыстарында, Алматы, Астана қалаларында тіркелген. Осылайша өңірлер бойынша бір ЖЗШ-ға міндетті зейнетақы аударымдарының орташа шамасы сол өңірлердегі халық табысының ағымдағы жағдайын көрсетеді.

Жинақтардың өсімі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен қалыптасқан. Бұл ретте 2023 жылғы қаңтарда аударылған зейнетақы жарналары 156 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 36 % артық: өсімді МЗЖ көрсетті (ЖЗШ-ларға 147 млрд теңге түскен, өсім өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда-37%), МКЗЖ (9 млрд теңге, өсім 19%), ЕЗЖ (167 млн теңге, өсім 133%).

2023 жылғы қаңтарда есептелген инвестициялық табыс көлемі өткен сәйкес кезеңнің көрсеткішінен 449 % асып, 66,4 млрд теңгеге жетті.

БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер түріндегі шығыс ағындары жыл басынан бері шамамен 33,1 млрд теңге. Бұл соманың басым бөлігі зейнет жасына толуына байланысты төлемдер еншісінде – шамамен 12,1 млрд теңге.

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЖТ) – 11,1 млрд теңге. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 9 есеге жуық төмендеді.

Сондай - ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер – 4 млрд теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 3,3 млрд теңге, мүгедектік бойынша төлемдер – 246,7 млн теңге, жерлеуге төлемдер – 488,8 млн теңге жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына шамамен 1,9 млрд теңге аударылды.

Айта кету керек, БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) 32 040 теңгені, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы - 742 692 теңгені құрады.

2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 12,1 млн бірлікке тең. Оның ішінде: міндетті зейнетақы жарналары бойынша – 10,96 млн. бірлік, МКЗЖ бойынша шоттар саны 598 088 бірлік, ал ЕЗЖ бойынша 361 552 ЖЗШ ашылды.

Зейнетақы активтері бойынша, оның ішінде республика өңірлері бөлінісіндегі статистикалық деректер туралы барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТЫН ҚАЛАЙДЫ

2023 жылғы қаңтарда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өз салымшылары мен алушыларына шамамен 2,6 млн қызмет көрсетті. Оның ішінде 1,6 млн - электрондық форматта, 780,5 мың – автоматты түрде, 60 мыңнан астамы қашықтан кеңес беру түрінде ұсынылды. Осылайша, қазақстандықтар зейнетақы қызметтерінің 95% қашықтықтан алады.

2023 жылғы қаңтар айының қорытындысы бойынша ең сұранысқа ие қызмет жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпарат беру болды. 2023 жылғы қаңтарда 2,4 млн. астам (барлық жүргізілген операциялардың 93,4%) ЖЗШ-дан үзінді көшірме берілді. Оның 1,6 млн (жалпы көлемнің 62,2%) электрондық форматта: enpf.kz сайтындағы Жеке кабинет арқылы немесе ұялы қосымшада, сондай-ақ egov.kz. электрондық үкімет порталында берілген. Тағы 739 мыңнан астам. (жалпы көлемнің 28,8%) үзінді көшірме БЖЗҚ дерекқорында көрсетілген электрондық пошта арқылы хабарлау тәсілін таңдаған салымшылар мен алушыларға автоматты түрде жіберілді. 2023 жылғы қаңтарда деректемелерді өзгертуге 32,4 мыңнан астам өтініш өңделді.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетте өз жинақтарыңыз туралы мәліметтерді алудан басқа, олар туралы хабарлау тәсілін таңдауға, жеке деректемелерді өзгертуге, жинақтардың бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға аударуға, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақының болжамды мөлшерін есептеуге болады.

Қызметтердің жалпы көлемінің 30,4% БЖЗҚ кеңселеріне тікелей жүгінбей-ақ, автоматты түрде көрсетіледі.

Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна түскен кезде Қордың ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұлғаны сәйкестендіру МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер бойынша жүзеге асырылады. Қолданыстағы құжаттың деректемелері және салымшының тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. Жыл басынан бері автоматты түрде 23,3 мың ЖЗШ ашылды.

Уәкілетті операторлардан келіп түскен өтініштер бойынша арнайы шоттарға біржолғы зейнетақы төлемдерін аудару және тағы басқа да қызмет түрлері автоматты түрде жүзеге асырылады. Жыл басынан бері тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге 8,4 мыңға жуық өтініш қабылданды.

Қашықтықтан қызмет алу мүмкіндігіне қарамастан, Қор мамандарына өзі келіп жүгінгенді қалайтын салымшылар да бар. Сондықтан Қазақстан бойынша БЖЗҚ бөлімшелерінде жүзбе-жүз қызмет көрсету арқылы салымшылар мен алушыларға қаңтар айында 126,5 мыңнан астам қызмет (қызметтердің жалпы көлемінің 4,9%) көрсетілді, оның 107,1 мыңға жуығы тікелей Қордың қызмет көрсету кеңселерінде жүзеге асырылды. Шамамен 19 мың қызметті БЖЗҚ-ның барып қызмет көрсету бөлімдері – мобильді агенттер мен мобильді кеңсе экипаждары көрсетті. Барып қызмет көрсету барысында түрлі кәсіпорындар мен ұйымдардағы еңбек ұжымдарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары да өз жалғасын тауып келеді. Жыл басынан бері кәсіпорындар мен ұйымдарда 47 мыңнан астам адам қатысқан 2 мыңнан астам таныстырылым (презентация) өткізілді.

БЖЗҚ Қор салымшылары мен алушыларына сапалы кеңес беру қызметтерін көрсетуге және ақпараттық арналарды дамытуға ерекше назар аударады. 2023 жылдың 1 ақпанына әртүрлі кері байланыс арналары арқылы түскен 60 мыңнан астам өтініш өңделді.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, байланыс орталығының 1418 нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) бойынша, enpf.kz корпоративтік сайтында, сондай-ақ БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларынан алуға болады.

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТПЕН АЛУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

БЖЗҚ салымшыларға (алушыларға) көрсетілетін цифрлық қызметтер желісін кеңейтуді жалғастыруда. Қазір БЖЗҚ-дан зейнетақы қызметтерін жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсетпей-ақ алуға болады. Ол үшін eGovMobile ұялы қосымшасында жеке басын куәландыратын құжаттың цифрлық (электрондық) нұсқасы болса жеткілікті.

Қор бұрыннан бар қызметтерге жаңа қызмет түрлері қосылғанын хабарлайды. Зейнетақы қызметтерін тұтынушыларда БЖЗҚ кеңселеріне жүгінген кезде жеке басын куәландыратын цифрлық (электрондық) құжаттарды қолдану мүмкіндігі пайда болды:

– инвестициялық портфельді басқарушыны (ИПБ) таңдау (өзгерту) туралы немесе зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтаруға өтініш беру;

– сенім білдірілген тұлға/заңды өкіл жүгінген кезде жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу (бұрын осы жағдайларда құжаттардың түпнұсқасын ұсыну талап етілген).

Енді зейнетақы қызметтерін көрсету кезінде өтініш білдірген тұлға мынадай цифрлық (электрондық) құжаттарды ұсына алады:

– жеке куәлік;

– Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты;

– шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;

– туу туралы куәлік;

– азаматтығы жоқ адамның куәлігі.

Бұған дейін БЖЗҚ бөлімшелерінде қызметтердің төмендегі түрлерін алу мүмкіндігі енгізілген болатын:

– өзі келіп өтініш жасаған кезде, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу;

– деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

– зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау) ;

– зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару.

Жеке басын куәландыратын құжаттың цифрлық (электрондық) нұсқасын тікелей БЖЗҚ бөлімшелеріне жеке өзі жүгінген кезде пайдалануға болатынын да атап өткіміз келеді.

Егер өтініш берген адамның жеке басын куәландыратын құжаты жарамсыз болып қалса, eGovMobile ұялы қосымшасында құжаттың электрондық нұсқасы болмайды.

Сондай-ақ, БЖЗҚ бірқатар қызметтерді қашықтан: сайт, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы көрсететінін еске саламыз.

ҚОРШАҒАН ОРТА

ОРМАН ӨРТІ

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен аумаққа таралып кетеді. Ыстық ауа райында егер жауын шашын болмаса, ормандар құрғап, абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін.

Өртке қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы ит бүлдірген,арша жатады. Құрғақ құмды жерлердегі ағаштарға өрт жиі әрі тез таралады, бірақ оларды өшіру оңайырақ келеді. Қылқан жапырақты ормандардағы түскен жапырақтар, бұталар және құрғақ шөптер қауіпті өрт тудырады. Өрттің шығуына бірден бір себепші жағдай өрт қауіпсіздігін сақтамау. Ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде шоқтың сөдірілмегені немесе қурап тұрған ағаш бұталарға желмен ұшып келуі себеп болып жатады. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде оттың қызуы 400 градустан 900 градусқа дейін жетеді. Табиғат байлығын келесі ұрпаққа сақтап, жан-жақты қорғау басты парызымыз екенін естен шығармайық.

Кенже ДҮЙСЕНБЕКОВ,
Жоңғар орман шаруашылығы КММ-нің 2 ші айналым орман кутушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢА КІТАП

Жаратушыдан Еткен қуат

БІР АПТА БҰРЫН АЯҚ АСТЫНАН ШЫМКЕНТКЕ ЖОЛ ТҮСТІ. АЛМАТЫ ӘУЕЖАЙЫНДА ӘНШІ НҰРЛАН ӨНЕРБАЕВТЫҢ БАУЫРЫ БАҚТИЯР ӨНЕРБАЕВ ҰШЫРАСЫП ҚАЛДЫ.

Бір апта бұрын аяқ астынан Шымкентке жол түсті. Алматы әуежайында әнші Нұрлан Өнербаевтың бауыры Бақтияр Өнербаев ұшырасып қалды.

Бұрыннан танитын азамат. Алматы облысы әкімінің орынбасары, Текелі қаласының әкімі сияқты абыройлы қызметтер атқарған. Қазір Шымкент қалалық еңбек және әлеуметтік қорғау департаментінің басшысы екен. Сөз арасында әлеуметтік желіден көзім шалған «*Бәйшешек» деген әсерлі кітап жазған Жәмиля Бақтиярқызының өзіңізге қатысы бар ма?*» – деп сұрап қалдым.

– Иә, әрине, ол менің қызым ғой!

– Өмірлік тәжірибесі жоқ қаршадай қыздың мотивациялық кітап жазғаны қызық екен?!

– Бұл ауыр дертке ұшыраған қызымыздың он жасынан жиырма жасына дейін сол сырқатпен күресу, Жаратқанға деген сенім мен түптің түбінде айығып, жеңіске жету тарихы! Мемлекет басшысының өзі жоғары бағалап, құттықтау жіберді ғой!

– Е-е, бәрекелді! Алланың бергеніне шүкіршілік! Онда шынымен бұл мотивациялық шығарма екен.

– О, баста Жәмиля, менің алтын қызым, кітап шығаруды мақсат етпеген. Адам ағзасындағы бүкіл бұлшық еттердің салдануына соқтыратын миастения деген өте сирек кездесетін невралгиялық ауру бар. Осындай дерт салдарынан тұра алмай, жүре алмай, сөйлей алмай қалған кезінде айналасындағылармен қағазға жазып сөйлесетін. Сөйтіп өзінше бір күнделік жазуды әдетке айналдырған. Онда үлкен сынақтан өткізген Жаратқан Иемізге, айналасында құрақтай ұшып қызмет еткен ата-анасы мен туыстарына, ақ халатты абзал жандарға Алғыс айта-ды. Туған күні қарсаңында жақындарына тосын сый жасағысы келіп естеліктері бойынша дайындаған осы қолжазбасын жіберіпті. Бұл бізге шынымен тосын сый болды!

– Бұл кітапты біз қайдан таба аламыз?

– Құдай қаласа, Шымкентке жеткен соң менің қызымет көлігімде болу керек, бірер данасын берейін.

Шымкентке де жеттік. Айтқанындай Бақтияр қызының «Бәйшешек» кітабының қазақ және өзбек тілдеріндегі екі данасын ұстатты. Кітап түпнұсқадан орыс және өзбек тілдеріне аударылыпты. Еш тапсырмасыз достардың көмегімен өз бетінше енді қырғыз, түрік, ағылшын, испан тілдеріне аударылып жатқанын айтты. Алматыға қайтып оралған бойда көрейінші деп кітапты қолға алдым. Бірден үйіріп әкетті. Айналдырған үш-төрт сағатта қалай оқып бітіргенімді өзім де білмей қалдым.

«Бәйшешек» кітабы «Күрес», «Сенім» және «Жеңіс» деген үш тараудан тұрады екен. 2010 жылдан бастап созылмалы дерттің күреске толы әр жылы қаршадай қыздың жадынан оқырманның жүрегіне құстай ұшып қонақтап жатады. «Өзіме белгісіз, қараңғы, жат әлемде ояндым. Сол әлемнің кеңістігінде самғадым. Бойымды бауыраған әлсіздік, жанымды ашытқан дерт бір сәтте ғайып болды. Ол әлемде мені ешкім көрмейді, ал мен барлығын көрдім. Үзілген үміттердің, ізгі тілектердің, аңқау жүректердің арасында қалықтай ұштым. Ессіз жатқан адамдардың жүрек үнін тыңдадым. Ақ жүректер: «*Өмір сүргім келеді» деп баяу болса да үзіліссіз соқты. Бұл жер жансақтау бөлімі еді»* дейді өмір мен өлімнің арасында жатқан Жәмиля балапан. *«Аяқ-қолым байлаулы, айналам жүрегімнің күпілімен жарыса әндеткен аппараттарға толы, кеңірдегім қалың түтіктің аяусыз батуынан кеуіп кеткен»*. Көз алдыңа төсекке таңылы жанның ауыр халі елестейді. Одан әрі қарай иығында-ғы тамырға бұлшық еттер жұмысын реттейтін «калий» деген дәрумен құйылып тұрғанын, ол дұрысында тамшылатып жіберілетін сұйықтық екенін, қазіргі жағдайда ол тамырларын ашытып, күйдіріп жатқанын сезеді. Ешнәрсе айтуға шамасы жоқ, өйткені аузында өкпені желдететін ИВЛ аппараты, қолын қимылдатуға дәрмен жоқ. Ал медбике болса тамырын күйдіріп жатқан системаны қаттырақ қосып, кетіп қалғаны ауру мен жалғыздықтың азабын күшейте түскен.

Осындай жолдарды оқыған сайын оның шыдамдылығына қайран қаласың. Анасы жансақтау бөліміне кіріп, қал-жағдайын, тамақ ішкен-ішпегендігін сұрағанда оның жауап беруге халі кем еді. *«Мен сөйлей алмаймын, ойымды не жанарыммен, не қара қаламның ұшымен білдіре-мін. Қолымда кішкентай жасыл блокнот болатын, анама: «Жақсы, мам. Тамақ іштім. Сіздер қалайсыздар?» деп жаздым*», - дейді бұл сәт туралы автор. Ол аурудың жанына батқанын айтып анасына шағымданбайды. Анасының қасіретін тереңдеткісі келмейді. Ежелгі Рим философы Марк Аврелий: «Қиналу туралы: егер ол жан шыдатпас болса ажал оған нүктесін қояды, егер созылмалы нәрсе болса оған төзген жақсы» дейді ғой. Сол айтпақшы Жәмиля төзімділік пен сабырды өзіне серік етеді. Әдетте көптеген аурудың емі ішкі дүниесінің тазалығына тіреліп жатады. Аристотельдің: «Кедейліктен де, аурудан да, тіпті бұзылғандықтан өзгенің бәрінен де қорқудың қажеті жоқ, ол адамның өзінің жан дүниесіне тәуелді» дейтіні бекер емес екен.

Сондай аурумен арпалысқан қиын екі жыл артта қалып, Жәмиляқыз тағдыры мықты невропатолог Жусупова Алма Сейдуалиевнаға тап болады. Әлемнің оншақты елдерінің мамандарымен барып немесе онлайн арқылы өткізілген консультациялардың ешқайсысы оң нәтиже бермеген. Сол белгісіз дертті Алма Сейдуалиевна небары он минутта анықтап шықты. Иммунитеттің кері жұмыс жасауынан бұлшық еттерді салдандырып тастайтын, өте сирек кездесетін миастения деген диагноз қойылды. Дәрігердің бөлмесіндегі он минут Жәмиляның армандарына қанат байлады. Талмай күресудің қажеттігін сезінді. Қиыншылықтардан мезі болған қызымыз сол жерде қанатты сөзге бергісіз тіркес тауып «Ауруға ерке-леуге болмайды» дейді. «Басқа түссе таспақшыл» демекші, адам өмір үшін қиындықтың бәріне көндігеді екен. Дертпен жағаласқан қаршадай қыз: «Әкем тамырымды жазатын сұйық дәрі (мазь) алып келген екен. Оң қолымдағы қып-қызыл жараның үстіне жағып, сүрелерін оқып отыр. Анам шприцті ботқаға толтырып, мұрным арқылы асқазаныма дейін баратын жіңішке түтікті тауып, таңғы асымды берді. Тамақты өз тісіммен шайнап, өз күшіммен жұтпағанымма біраз күн болды» деп жазады. Сырқаттың қаншалықты ауыр, қаншалықты қиындық екендігін осы сөйлемдерден шошына сезінесің.

Жәмиляның диагноз қойылғаннан кейінгі әр жылы аурухана мен үйдің, мектеп пен жансақтау бөлімінің арасында дертпен жағаласып өтіп жатты. Сондай сәттердің бірінде медет сұрап «Аллаға хат» жазыпты. «*Сол хатта Жаратушыма бар мұңымды шағып, соншалық қол жетпес көрінген армандарымды және өмірлік сценарийлерімді жазыппын. Қазір Аллаға шүкір, жиырма бір жастамын. Сенесіз бе, сол хатта жазылған әрбір сөз менің – бүгінім, барлық армандарым мақсатыма айналды»* дейді Жәмиля әрі таңданыспен, әрі қуанышпен.

Біртіндеп өзі қалпына келер деп күткен ағзада оңды нәтижелер бола қоймаған соң ең соңғы мүм-кіндік күрделі ота жасау болатын. Шет елде ота жасатудан бас тартады. Сондайда Кореядан мамандар шақырылып, отаны солар жасайтын болғаны үмітті сенімге айналдырады. «Қандай сынақ болмасын, бірлесе күрескен оңай» бұл Жәмиляның тағы бір тұжырымының бірі. «Төсекке таңылып жатсам да елімнің игілігі үшін еңбек етуді армандаушы едім» дейді ол. «Не болса да бұл ауруды жеңемін де халқыма пайдам тиетін азамат боламын» дейді қайсар қыз. Қайталана беретін «криз» кезінде де әлгі мақсат қалың тұманның ішінен алып шығатын.

Кореядан келген оташы дәрігер қасындағы үш серігімен бірге әуежайдан түскен бойда бірден ауруханаға келіп, баланың жағдайын байқап, отаны бүгіннен қалдырмай жасайтынын айтады. Бес сағатқа созылған операция отандық хирургтер мен дәрігерлер үшін «мастер-класқа» айналады. Үш күннен кейін кореялық дәрігерлер жансақтау бөліміне кіріп, жағдайына қанағаттанып, Жәмиляға кішкентай сөмке сыйлайды. Сөйтіп бүкіл әлемде адамгершілік қасиеттер мен қарапайымдылықтың жоғары тұратындығын тағы бір рет дәлелдейді. Ауыр сынақтан өткен Жәмиля қыз өмірдің мәні сыйластық пен кір шалмаған пәк көңілде екенін жантәнімен ұғынады. Осыны оқушысына жеткізгісі келеді. Отаға алып кетерде: «*Жаратқаным, мен осы палатаға аман-есен оралайыншы. Ата-анамның жанына келейінші. Өмір берші маған»* деп тілеген тілегі қабыл болады. Сондықтан да ол «*Алғашқы махаббатым да, сенім мен сезімге толы жаным да Аллаға арналады*» деп шын пейілден ақтарылады. «*Мен ауруымды қатты жақсы көре бастадым, себебі ол мені Аллаға жақындатты»* дейді «Сенім» тарауында. Осындайда христин уағызшысы Иоанн Златоустың: «*Кімде кім дертіне төзіп оған алғыс жаудырса көрген азабының тәжіне ие болады*» деген қанатты сөзіне таң қалмасқа лажың қалмасы анық.

Аса ауыр сырқатпен он жыл бойы алыса жүріп, сондай қиын халіне қарамастан мектепті үздік бітіруі, өзінің қалаған журналистика факультетіне оқуға түсуі оқырманның Жәмиляға деген құрметін еселей түседі. «Сен енді толық жазылдың!» деген сөз қандай марапаттан да жоғары еді. «Осы сөзді естіген түні көз іле алмай, таң атқанша сәждеден бас көтермей, дұғада отырғанымды ата-анам білмеді» деуінде айыптау емес, Жаратқан иесіне, ата-анасына, туыстарына деген шексіз алғыс жатыр еді. Әсіресе, «Маған нәсіп болған өмірдегі ең үлкен бақ – әке махаббаты» деуінде қаншама тәрбие жатыр. Кітаптың соңғы жағында бүкіл әлемге деген асыл сезімдерден өр-біген өлеңдерінен жас жүректің күпілі айқын сезіледі.

Қорыта айтқанда жиырма бір жастағы қыздың бұл тырнақалды шығармасы қиындыққа ұшыраған адамдарды күресуге үйретеді. Жаратқан Иесіне бас ие отырып, жеңісті жақындатуға болатынына сендіреді. Кітаптың мотивациялық құндылығы да тап міне, осында!

Марат ТОҚАШБАЕВ,
жазушы-публицист, Қазақстан Педагогикалық Ғылым Академиясының академигі, профессор.

ҚАЗЫНА

Тіл – ұлттың жаны

XX ғасырдың басында ғұлама-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл, сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп еді. Тілсіз ұлт болмайды. Тілімізді сақтау, құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді.

Әрі бұл – ата-баба алдындағы ұлы парызымыз. Адам баласы тек білім арқылы дүниенің құпия сырын ашады. Білімнен тағылым алып, болашағын болжап, бағыт белгілейді.

Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілі Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті. Тілге деген құрмет – елге құрмет. Сондықтан, әрбір Қазақстан азаматының бірбірімен қазақ тілінде сөйлеп, ана тіліміздің мәртебесін өркендетуі керек. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, мәртебесін өсіру жолында жауапкершілік болмаса, қолға алған істеріміздің нақты мақсатқа жетуімізге айтарлықтай кедергі келтіреді. «Тіл тұғыры – ұлт тұғыры» екенін естен шығармауымыз қажет. Әсіресе, кейінгі жастар қазақ тілін үйренуге, қазақ тілінде сөйлеуге жетік мән берсе деп ойлаймын. Себебі жастар – елдің келешегі. Ел келешегі тек қана экономикалық жетістіктермен ғана емес, мәдени-рухани қазыналарымызбен де айқындалып, тұғырлана түсері хақ. Олай болса, жастарымыз тіл мәселесіне келгенде сергектік танытып, жанашырлықпен қараса, игілікті іс болар еді.

Ж. ШАРОВА,
Екіаша орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЫБОРЫ

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РКОВЫБОРАХ

Конституционный закон Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» предусматривает ответственность за нарушение законодательства о выборах.

Статья 50 Закона «О выборах в Республике Казахстан».

1. Лицо несет установленную законом уголовную ответственность в случае:

1) вмешательства в работу избирательных комиссий;

2) препятствования голосованию;

3) препятствования исполнению обязанностей, связанных с регистрацией кандидата, партийных списков;

4) препятствования исполнению обязанностей, связанных с подсчетом голосов и определением итогов выборов;

5) использования преимущества своего должностного или служебного положения в целях избрания кандидата, политической партии;

6) подлога избирательных документов;

7) заведомо неправильного подсчета голосов;

8) заведомо неправильного установления результатов выборов;

9) нарушения тайны голосования;

10) препятствования свободному осуществлению гражданином Республики своего избирательного права путем насилия, обмана, угроз, подкупа.

2. Лицо несет установленную законами Республики Казахстан административную и иную ответственность в случае:

1) непредставления или неопубликования сведений согласно требованиям настоящего Конституционного закона;

2) невыполнения решения избирательной комиссии, принятого в пределах ее полномочий;

3) проведения предвыборной агитации до окончания срока регистрации кандидата, партийного списка, выдвинутого политической партией, в день выборов либо предшествующий ему день;

4) препятствования праву вести предвыборную агитацию;

5) распространения заведомо ложных сведений о кандидатах, политических партиях или совершения иных действий, порочащих их честь и достоинство;

6) нарушения права членов избирательных комиссий;

7) нарушения права граждан на ознакомление со списком избирателей;

8) предоставления неверных сведений об избирателях для составления списков избирателей;

9) выдачи гражданам избирательных бюллетеней с целью голосования за других лиц;

10) непредоставления отпуска для участия в выборах;

11) нарушения условий проведения предвыборной агитации через средства массовой информации;

12) изготовления или распространения анонимных агитационных материалов;

13) умышленного уничтожения или повреждения агитационных материалов;

14) оказания финансовой (материальной) поддержки кандидатам, политическим партиям, выдвинувшим партийные списки, помимо их избирательных фондов;

15) принятия пожертвований от иностранных государств, организаций, граждан, лиц без гражданства для избрания кандидата;

16) нарушения условий проведения опроса общественного мнения, связанного с выборами;

17) препятствования законной деятельности доверенных лиц кандидатов, политических партий, представителей средств массовой информации и наблюдателей на выборах.

Обжалование и отмена решений и действий в ходе избирательной кампании.

Иск, поступивший в период подготовки и проведения выборов, а также в течение месяца со дня голосования, должен быть рассмотрен в пятидневный срок, а поступивший менее чем за пять дней до голосования, в день голосования и до объявления итогов выборов, республиканского референдума, - немедленно, если иное не предусмотрено конституционными законами Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».

Иск об обжаловании решения избирательной комиссии о необходимости исправления в списках избирателей (выборщиков) должен быть рассмотрен в день поступления.

Иск рассматривается судом с участием истца, представителя соответствующей избирательной комиссии или государственного органа, органа местного государственного управления и самоуправления, предприятия, организации, прокурора. Неявка в суд указанных лиц, надлежащим образом извещенных о времени и месте судебного заседания, не является препятствием для рассмотрения и разрешения административного дела.

Решение суда, его обжалование, пересмотр по апелляционному ходатайству прокурора, опротестование и исполнение .

Решение суда, которым иск признан обоснованным, является основанием для восстановления нарушенного избирательного права.

На решение суда первой инстанции может быть подана апелляционная жалоба, принесено апелляционное ходатайство прокурором в течение трех дней со дня вручения копии решения, если иное не предусмотрено конституционными законами Республики Казахстан "О выборах в Республике Казахстан" и "О республиканском референдуме".

Постановление суда апелляционной инстанции обжалованию и опротестованию не подлежит.

Решение суда по административным делам об оспаривании решений и действий (бездействия) Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан, а также решений и действий (бездействия) Центральной комиссии референдума, вынесенное по правилам подсудности, предусмотренной статьей 105 Административного процедурно- процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - АППК) , вступает в законную силу со дня его оглашения и может быть обжаловано, опротестовано в кассационном порядке в течение трех дней со дня вручения копии решения, если иное не предусмотрено конституционными законами Республики Казахстан "О выборах в Республике Казахстан" и "О республиканском референдуме".

Апелляционные жалоба, ходатайство прокурора, кассационные жалоба, протест прокурора на решения, указанные в частях второй и третьей статьи 164 АППК , рассматриваются в трехдневный срок со дня поступления в суд, а поступившие менее чем за пять дней до голосования, в день голосования и до объявления итогов выборов, республиканского референдума, – немедленно, если иное не предусмотрено конституционными законами Республики Казахстан "О выборах в Республике Казахстан" и "О республиканском референдуме".

Решение суда, вступившее в законную силу, направляется в соответствующий государственный орган, орган местного государственного управления и самоуправления, предприятие, организацию, председателю избирательной комиссии. Должностные лица, виновные в неисполнении решения суда, несут ответственность, установленную законом.

Раушан ДАКУБАЕВА,
судья судебной коллегии по административным делам Алматинского областного суда.

ЗАКОН

ПРОЯВЛЕНИЕ НЕУВАЖЕНИЯ К СУДУ

Правосудие в Республике Казахстан осуществляется только судом. Судебная власть осуществляется посредством гражданского, уголовного и иных установленных законом форм судопроизводства. В соответствии со ст. 1 Конституционного закона Республики Казахстан от 25 декабря 2000 года № 132-II «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» Судебная власть в Республике Казахстан принадлежит только судам в лице постоянных судей, а также присяжных заседателей, привлекаемых к уголовному судопроизводству в случаях и порядке, предусмотренных законом. Проявление неуважения к суду или судье влечет установленную законом ответственность.

Неуважение к суду, выразившееся в неявке в суд без уважительных причин участников процесса и иных лиц по повестке, извещению, уведомлению или вызову в случаях, когда дальнейшее рассмотрение дела в их отсутствие представляется суду невозможным, неподчинении распоряжениям председательствующего в судебном заседании, нарушении установленных в суде правил, а также иные действия (бездействие), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье, – влекут предупреждение либо денежный штраф либо административный арест. Также предусмотрено ответственность участников производства по делу об административном правонарушении при отказе или неявки участника производства в орган (к должностному лицу), рассматривающий дело об административном правонарушении, без уважительной причины, обусловившие отложение разбирательства по делу влекут денежный штраф.

В уголовном судопроизводстве за проявление неуважения к суду регламентировано статьей 346 УПК в соответствии, при нарушении порядка в судебном заседании, неподчинении распоряжениям председательствующего, а равно совершении иных действий (бездействия), явно свидетельствующих о неуважении к суду, председательствующий вправе удалить лицо из зала судебного заседания или объявить об установлении факта неуважения к суду в случаях, не содержащих признаки уголовного правонарушения, и наложить на виновное лицо денежное взыскание в порядке, предусмотренном статьей 160 настоящего Кодекса.

Удаление может быть произведено в отношении любого участника процесса или иного лица, кроме обвинителя и защитника. Денежное взыскание не может быть наложено на подсудимого и его адвоката, участвующего в качестве защитника. Лица, присутствующие в зале судебного заседания, но не являющиеся участниками процесса, в случае нарушения ими порядка по распоряжению председательствующего удаляются из зала судебного заседания. Кроме того, на них судом может быть наложено денежное взыскание.

Аида НУРГАЛИЕВА,
заведующая канцелярией СМУС области Жетісу.

ЗНАЙ СВОИ ПРАВА

ПОДСУДНОСТЬ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

Зачастую в результате несвоевременной выплаты заработной платы, и незаконного увольнения, и необоснованного отказа в приеме на работу, и многих других нарушении трудового законодательства работодатели и работники ежедневно сталкиваются с вопросами в области трудового права.

К сожалению, к причинам нарушения трудовых прав и как следствие возникновения трудовых конфликтов можно отнести и слабое знание, а иногда и незнание правовых норм, непонимание механизма правового регулирования трудовых правоотношений. Не только работники нарушают трудовые правоотношения, зачастую и многие работодатели, пользуясь своим положением, предоставленным им трудовым законодательством, попросту злоупотребляют им.

Необходимо знать, что по общему правилу иски, в том числе о восстановлении на работе и по другим трудовым спорам предъявляются по месту нахождению ответчика (статья 29 Гражданского процессуального кодекса – далее ГПК). Вместе с тем, процессуальным кодексом в отдельных случаях, перечисленных в статье 30 ГПК, предусмотрено право на предъявление иска по выбору истца. Согласно части 3 статьи 30 ГПК иск, вытекающий из деятельности филиала или представительства юридического лица, может быть предъявлен в суд также по месту нахождения филиала или представительства. Некоторые истцы, предъявляя иск по месту нахождения филиала или представительства, ответчиком указывают не юридическое лицо, а филиал или представительство, которые не наделены правами юридического лица, следовательно, не могут быть ответчиками по делу в силу статьи 47 ГПК.

Вместе с тем, при определении подсудности с применением положений части 8 статьи 30 ГПК иски о взыскании заработной платы, пенсий и пособий, а также иски о восстановлении трудовых, пенсионных и жилищных прав, связанные с возмещением убытков, причиненных гражданину незаконным осуждением, незаконным привлечением к уголовной ответственности, незаконным применением меры пресечения либо незаконным наложением административного взыскания в виде административного ареста, могут предъявляться по месту жительства истца. Применяя данную норму, нужно исходить из буквального смысла и содержания части 8 статьи 30 ГПК, которая связывает возможность предъявления таких исков по выбору истца лишь в совокупности с возмещением убытков, причиненных истцу в случае его незаконного осуждения незаконного привлечения к уголовной ответственности и незаконному административному аресту.

Изначальное неправильное определение подсудности по трудовым спорам влечет не только возможную отмену в апелляционном порядке судебных актов, но и несвоевременное разрешение трудовых споров, по которым законом установлен сокращенный месячный срок их рассмотрения.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Илийского районного суда Алматинской области.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГИМНАСТИКА

ҚҰРБАНОВ ҚОЛА АЛДЫ

ГЕРМАНИЯНЫҢ КОТБУС ҚАЛАСЫНДА СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКАДАН ӘЛЕМ КУБОГІНІҢ КЕЗЕҢДІК САЙЫСЫ АЯҚТАЛДЫ. БҰЛ ЖАРЫСТА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНА ЖАЛҒЫЗ ЖҮЛДЕ БҰЙЫРДЫ.

«Ат» жаттығуы бойынша өткен бәсекеде 14,800 ұпай жиған Нариман Құрбанов қола медальді мойнына ілді. Ол тек өзбекстандық Абдулла Азимов (14,866 ұпай) пен арениялық Гагик Хачикяннан (14,833 ұпай) қалып қойды. Өзге сайыс түрлері жайында айтар болсақ, қалың көрермен қолды тіреп жаттығуын қызыға тамашалады. Өйткені, бұл бәсекеде атақты Оксана Чусовитина өнер көрсетті. Кезінде КСРО мен Германияның намысын қорғаған ол бұл күндері Өзбекстанның атынан сынға түседі. Чусовитинаның есімі сегіз бірдей Олимпияда ойындарына қатысқан тұңғыш және әзірге жалғыз гимнасшы ретінде тарихта қалды.

Міне, сол 47 жастағы спортшы әлі де бабында екенін байқатып, жарысты қола медальмен қорытындылады. Ол италиялық Манила Эспозито мен германиялық Руби Эванды ғана алға жіберді.

ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІ

БУРАБАЙДА БАС ҚОСАДЫ

4 наурызда Ақмола облысы, Бурабай ауданының орталығы – Щучинскіде биатлоннан жастар мен жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігінің шымылдығы түріледі.

Жер-жаһанның ең дарынды жастары бас қосатын аса жауапты жарыста Қазақ елі намысын Вадим Куралес, Никита Акимов, Данил Червенко, Антон Гуров, Руслан Амурлаев, Арина Крюкова, Полина Егорова, Кристина Титиевская, Алина Скрипкина, Әдима Қуанышбекова сынды спортшылар қорғайды. Ал жасөспірімдер сайысында Егор Гребенщиков, Евгений Литвинов, Ілияс Хасенов, Иван Ручьев, Эрик Шефер, Милана Генева, Яна Чупик, Әлема Қарабаева, Валерия Миронова, Мария Польдяеваға сенім артылып отыр.

Биатлоннан дәл осындай деңгейдегі дүбірлі дода Қазақстанда тұңғыш рет ұйымдастырылғалы отырғанын айта кеткен абзал. Бұл жарыста 40-тан аса мемлекеттің өкілдері бақ сынайды деп жоспарланған.

ТУРНИР

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАЭКВОНДОШЫЛАР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Словенияның Любляна қаласында өткен таэквондодан Slovenia Open халықаралық турнирінде Қазақстан құрамасы бірінші орынды иеленді. Қазақстандық таэквондошылар турнирде 5 алтын, 7 күміс, 13 қола медаль иеленіп, жалпы есепте көш бастады.

G-1 санатындағы жарыстарға әлемнің 50 елінен 1000-ға жуық спортшы қатысты. Жарыс жеңімпаздарының қатарында қазақстандықтар да бар:

• «Алтынды» Мария Севостьянова, Самирхон Абабакиров, Ғазез Нұрбек, Эльдар Бірімбай және Рита Бакишева жеңіп алды.

• Әділет Базарбаев, Ысқақ Елдос, Жавохирхон Исламов, Виктория Кучина, Орынбасар Мақсат,

Рахым Әділханов және Наргиза Қойшыбекова күміс медальға ие болды.

• Рахым Рахат, Аманбол Бегімбетов, Елшібай Елжан, Әзірет Дүйсенбек, Айдана Құмартаева, Ботагөз Қапанова, Ермекбай Әлібек, Назым Махмұтова, Нұрай Хусайынова, Бауыржан Хасенов, Нұрлан Мырзабаев, Дүйсебай Сайымапар қола медаль иеленді.

СПАРТАКИАДА

«ҚАЛҚАН-2023» ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

АЛМАТЫДА ӨТКЕН СПАРТАКИАДАДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ ӨҢІРЛЕРІНЕН 14 ПЕН 18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР БАҚ СЫНАСТЫ. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ АРМИЯ ҮЙІНДЕ ӨТТІ.

«Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілерін жарыстың аяқталуымен атақты спортшылар – Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова мен әлем чемпионатының қола жүлдегері, дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев құттықтады. Жарыс 3 шақырымға шаңғы тебу, пневматикалық мылтықтан оқ ату, маңдайшада тартылу, денені шалқасынан жатып көтеру сайыстарынан тұрды. Жеке біріншілікте 14 жастағы жасөспірімдер арасында Абай облысынан келген Михаил Беленков, 15-16 жаста – Солтүстік Қазақстан облысының намысын қорғаған Роман Жеребило, 17-18 жаста – Батыс Қазақстан облысынан келген Роман Харчев чемпион атанды.

14 жас санатындағы қыздар арасында Абай облысынан Дарья Девяткова, 15-16 жас аралығында Батыс Қазақстан облысынан келген Наталья Панова, 17-18 жаста астаналық Александра Крутова үздік шықты.

Командалық есепте Солтүстік Қазақстан облысының құрамасы жеңіске жетті. Екінші орынды Батыс Қазақстан облысының командасы, үшінші орынды Астана қаласының командасы иеленді.

– *Спартакиада атауының өзінде терең мағына жатыр. Қалқан – қорған деген сөз. Бұл әрқашанда спортты жанына серік ететін, мықты, шымыр, епті болашақ Отан қорғаушылардың сайысы. Осындай іс-шараларға қатыса отырып, балалар жақсы тәжірибе жинап, алдына жаңа мақсат қо-йып, тіпті достар табады. Алдағы уақытта бұл жобаға қолдау көрсетілетініне сенімдімін*, – деп өз ойымен «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының төрағасы капитан Мейірбек Меңдіғалиев бөлісті.

Іс-шара Алматы қаласындағы Ұлттық әскери-патриоттық орталық пен «Жас сарбаз» балалар студиясы филиалының шығармашылық ұжымы дайындаған концертпен аяқталды.

Материалдар «egemen.kz» сайтынан алынды.

ШОРТ-ТРЕК

«АЗИЯ БАЛАЛАРЫ» ОЙЫНДАРЫ АЯҚТАЛДЫ

Шорт-трекшілер Кузбасс облысында өтіп жатқан «Азия балалары» II қысқы ойындарын табысты аяқтады. Мың метрге жарыста Мейіржан Төлеген алтыннан алқа тақса, Мадияр Мадихов қола жүлдегер атанды. Ал Әліби Әлімгереев пен Ерасыл Шыңғысхан 4-ші және 5-орыннан көрінді.

Осыған дейін шорт-трекшілер 4 жүлде жеңіп алған еді. Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметі мәлімдегендей, алғашқы күні 1500 метрде Мейіржан Төлеген күміс, Малика Жолтабар қола жүлдегер атанды. Ал кеше 3 шақырым эстафетада ұлдар құрамасы мәреге 2-ші, қыздар 3-ші болып келген.

«*Соңғы күні алтын медаль алуға барымызды салдық. Бізге жетпей тұрғаны сол ғана еді. Жалпы еншімізде 6 жүлде бар. Меніңше, барлық спортшы жақсы өнер көрсетті. Әрқайсысы кем дегенде елге бір жүлдемен оралады. 2019 жылғы алғашқы ойындарда бір алтын, бір күміске ие болған едік. Осы жолы сол көрсеткішті жақсартқанымызға қуаныштымын*», – деді шорт-тректен ұлттық құраманың бас бапкері Данабек Хайров.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Әлем елдеріндегі әйелдер мерекесі

Әйелдер мерекесі әлем елдерінде әрқилы тойланады. Бір елдерде аналар күні, енді бір елдерде қыз-келіншектер мерекесі, тағы бір елде тағысын тағы мерекелер бар. Өйтсе де осылардың ішіндегі әйгілісі - 8 наурыз халықаралық әйелдер күні.

Халықаралық әйелдер күні алғаш 1911 жылы төрт елде – Дания, Швейцария, Австрия және Германияда тойланды. 1912 жылдан бастап әйелдер күні әлемнің әр елінде кең көлемде мерекелене бастады.

Бұл мерекенің тарихы осымен ғана басталмайды. Тарихы осы екен деп дөп басып айту да қиын. Себебі 8 наурыз мерекесіне қатысты түрлі болжамдар баршылық. Оның біріншісі - 1857 жылы Нью-Йорк қаласының бір топ тоқымашылары 8 наурыз күні еңбекақының төмендігіне қатысты шеру ұйымдастырып, көшеге шыққаны. Бір қызығы, бұл оқиға сол кездегі бірде-бір ақпарат құралында жазылмаған. Тарихшылардың дерегіне сүйенсек, 1857 жылыдң 8 наурызы жексенбі болған. Ал сол кездегі күнтізбе бойынша жексенбі күндері мүлде шеру өткізілмеген. Сондықтан бұл нұсқа жаңсақ болуы да мүмкін.

1910 жылы неміс коммунисі Клара Цеткин Копенгагенде (Дания) өткен әйелдер форумында тұңғыш рет 8 наурызды "Халықаралық әйелдер күні" деп атау туралы бастама көтерген. Бұл бастаманың астарында әйелдер құқығын қорғау үшін шеруге шығу, қарсылықтарын білдіруі мәні жатты. Бірақ бұл күні әйелдер төңкеріс жасап, наразылығын танытқан шеру болған емес. Ал 8 наурызды халықаралық мереке дәрежесіне Клара Цеткиннің құрбысы Александра Колонтай көтерген деген деректер де кездеседі.

XX ғасырда адамзат тарихында айтулы оқиғалар аз болмады. Сұрапыл соғыс та, ғылыми төңкеріс те, мәдени жаңғыру да, барлығы-барлығы жаңа кезеңге қадам басты. 8 наурыз мерекесі де бірден халықаралық сипат алмай, біраз жылдар бойы аздаған елдерде тойланып келді. 1921 жылдан бастап мерекені атап өтетін елдер саны арта бастады. 1975 жылы КСРО мемлекетінің өтініші бойынша, БҰҰ-ның қарарымен 8 наурыз ресми түрде Халықаралық әйелдер күні ретінде белгіленді.

8 наурыз халықаралық әйелдер күні деп аталғанмен, әлемнің барлық елінде тойлана бермейді. Себебі өзге елдерде "Аналар күні", болмаса аруларға арналған ұлттық жеке мерекелері бар. Көбіне кезінде КСРО құрамында болған елдер бұл күнді айрықша тойлап, нәзік жанды аруларға тілек айтып, сый-құрмет көрсетеді.

Бұл мереке кей елдерде өзгеше де аталады. Яғни ресми түрде тойлайтыны бар, бейресми атап өтетін елдер бар. Мәселен Үндістанда 8 наурыз күні Халықаралық әйелдер мерекесі емес, Холи мейрамы тойланады. Бір-біріне әртүрлі бояу қосылған су құйып, көңіл көтереді. Ал әйелдер күнін қазан айында тойлайды және ол он шақты күнге созылады.

Иранда да 8 наурыз әйелдер күні емес, "Фәтима ана" туған күні тойланады. Ал Гондураста әйелдер күні 25 қаңтарға белгіленген.

8 наурыз мерекесі Еуропаның көп елдерінде тойланады. Әйткенмен біршама елдерде бейресми түрде өтеді. Мереке қарсаңында демалыс берілмейді. Айта кетер болсақ, Сербия, Босния және Герцеговина, Хорватия, Чехия, Венгрия, т.б. елдердің күнтізбесінде бұл мереке жоқ. Тек бейресми түрде атап өтіледі.

Африка құрлығында Ангола, Замбия, Уганда, Камерун, Буркина-Фасо, Гвинея-Бисау, Кения, Эритрея және Мадагаскарда ғана мемлекеттік көлемде тойланады. Камерунда тойланғанмен, демалыс берілмейді. Мадагаскарда мереке қарсаңында әйелдер ғана демалысқа шығады. Аталған өзге елдерде демалыс беріледі.

Оңтүстік Америка құрлығында Бразилия, Гайана, Сальвадор, Суринам, Чили, Никарагуа мен Венесуэла елдерінде тойланады. Бірақ демалыс берілмейді. Өзге елдердің (Боливия, Эквадор, Аргентина, Уругвай, Парагвай, Перу, т.б.) күнтізбесінде 8 наурыз мерекесі жоқ.

massaget.kz сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Еркежан ТЫНЫБЕК

Аида ХАСЕНОВА

Махаббат ЕСМУХАМБЕТ

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің №8 (24.02.2023) санындағы 8 бетте жарияланған «Тәрбиесі тағылымды тәлімгер» атты мақаладағы бірінші сөз «Адамгершілік» деп оқылсын.

КЕРЕК КЕҢЕС

БАЛАҢЫЗДЫ ЦИФРЛЫҚ АУТИЗМНЕН САҚТАҢЫЗ!

Смартфон, компьютер сынды кез келген гаджетте тәулігіне 4 сағаттан артық отыратын балалар аутизмге бейім болады. Бірқатар зерттеулер жүргізген румыниялық психолог Мариус Замфир осындай қорытындыға келді.

Аутизм – бұл мидың бұзылуымен байланысты даму ерекшелігі. Аутизмге шалдыққан балада әлеуметтік коммуникация мен әлеуметтік өзара іс-әрекет бұзылады. Яғни бала адамдармен дұрыс сөйлесе алмайды, нағыз өмірге бейімсіз болады.

Цифрлық аутизмда үлкен болсын, кіші болсын, адамдар бір-бірімен ұзақ уақытқа созылатын психологиялық байланыс орната алмайды, олар басқа адамның ішкі жан дүниесіне қызықпайды. Балалар бір-бірімен емес, телефонмен ойнап уақыт өткізе береді.

Ал ересектер ерлі-зайыпты болсын немесе бір-біріне ғашық болған қыз бен жігіт те кездесу кезінде бір-бірімен сөйлесудің орнына, смартфондарымен уақыт өткізуді қалайды.

Қазіргі заманның балалары орта есеппен алғанда, 2-3 жасынан бастап 18 жасқа толғанға дейін 60-70% уақытын онлайн өткізеді екен. Мұндай балалар мен жеткіншектердің ойлау қабілеті дұрыс қалыптаспайды немесе тежеліп қалады.

АҚШ-тың Педиатрия академиясы екі жасқа толмаған балаларды гаджеттерге мүлде жолатпауға, одан үлкендерің екі сағатпен шектеуге нұсқау берді.

Ресейлік психотерапевтер де виртуалды кеңістікте өмір сүретін балаларда «цифрлық аутизм» пайда болғанын анықтаған. Мұндай адамдар кәдімгі қарым-қатынастан біртіндеп қаша бастайды.

Дертті асқындырмау үшін ата-аналардың өздері телефондарын тастап, балаларымен әңгімелесіп, ойнау керек. Бір сөзбен айтқанда, балаларды гаджеттен аулақ ұстаған абзал. Ата-аналар да балалардың көзінше телефонды көп қараса, балаға кері әсер етеді. Цифрлық аутизмнің зияны шаш-етектен. Сондықтан ата-аналардың балаға көп көңіл бөлгені дұрыс.

almaty-akshamy.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 283
Индекс 15534